

**2022/2023 оқу жылының
мектепшілік бақылау жоспарының
іске асырылуын бақылау
қорытындылары бойынша
талдамасы**

**2022/2023 оқу жылының мектепшілік бақылау жоспарының іске асырылуын
бақылау қорытындылары бойынша талдамалық анықтама**

Мектепшілік бақылау құжаты мектептің педагогтары жұмыстары мен оқушылардың білім алу сапасын бақылауға арналған негізгі құжат. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығында өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы негізінде мектепшілік бақылаудың 8 бағыты бойынша білім мен тәрбиенің жұмыстарын үйлестіреді. Соның ішінде директордың оқу ісі жөндегі орынбасары ретінде бақылауға *1) нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау; 2) талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау; 3) оқу процесінің сапасын бақылау; 4) білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау; 5) Оқу-зерттеу қызметі; 6) мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау; 7) тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау; 8) материалдық-техникалық базаның нығайтын бақылауға жауаптылық танытады.*

Мақсаты: білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтарын, білім беру мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру қызметін тиімді басқаруды қамтамасыз етуге бағытталған 2022-2023 оқу жылындағы мектепшілік бақылау нәтижелерін талдау.

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау

Талдау объектілері:

Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жалпы білім беру деңгейлері бойынша жалпы білім беруді жүзеге асыру.

Жергілікті нормативтік актілерге сәйкес мектеп құжаттамасын жүргізу.

Білім беру қатынастарына қатысушылардың сұраныстарын ескере отырып, білім беру қызметінің шарттары.

Бақылаудың келесі түрлері қолданылды:

- сыныптық-жалпылама бақылау.

Мектепте бақылаудың бұл түрі проблемаларды жан-жақты зерттеуді қажет ететін 1, 5, 7, 9, 10 сыныптарда қолданылады.

Бақылау нәтижелері директор жанындағы отырысында талқыланды;

- шолу бақылауы құжаттаманы және қатаң есептілік құжаттарын зерделеуге бағытталған;

- тақырыптық бақылау. 4-5 сынып оқушыларын оқытудағы сабақтастық, бейін алдындағы дайындықты ұйымдастыруды тексеруді қамтыды;

- дербес бақылау мұғалімдердің кәсіби деңгейін және аттестаттау жұмысының нәтижелілігін зерделеу шеңберінде жүргізілді.

Мониторинг түріндегі бақылау мектепті басқару міндеттерін тиімді шешу үшін мектептің нормаланатын қызметіне тұрақты бақылауды, ақпаратты жинауды және өңдеуді (мысалы, оқушылардың білім бөлімдерінің нәтижелері, оқушыларды аттестаттау және басқа да мәселелер бойынша) жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Мониторинг нәтижелері педагогикалық кеңестердің отырыстарында, директор жанындағы кеңестерде, әдістемелік кеңес отырыстарында талқыланды. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша басқарушылық шешімдер қабылданды.

Әкімшілік бақылау: пәндер бойынша оқу жетістіктерінің деңгейі – бастапқы бақылау, аралық бақылау (тоқсан, жартыжылдық бойынша), аралық аттестаттау – қорытынды бақылау (оқу жылының соңына).

Бақылау нәтижелері

Мектепшілік бақылаудың әзірленген жоспары педагогикалық ұжымның " ҚР Білім туралы" Занды жүзеге асыруына бағытталған. Ол білім беру қызметінің барлық бағыттарын мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары аясында қамтуға және анықталған кемшіліктерді уақтылы түзетуге мүмкіндік берді.

Жүргізілген бақылау нәтижелері анықтамалар түрінде ұсынылған. Мектеп әкімшілігі мүшелерінің құзыреттілік деңгейі мен әдістемелік дайындығы білім беру қызметінің барлық бағыттарына білікті басшылықты қамтамасыз ету үшін жеткілікті. Бақылау нысандары мен әдістері мектептің педагогикалық ұжымы оқу жылына қойған міндеттерге сәйкес келеді.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2022-2023 оқу жылында білім беру бағдарламаларының орындалуы зерделенді. Осы мақсатта мұғалімдердің жұмыс бағдарламаларын орындауына талдау жүргізілді.

Бақылау барысында электронды «Күнделік» сынып журналдарында мұғалімдер тарапынан тақырыптық жоспарлауға сәйкес тақырыптардың өтуін, дер кезінде журналды толтыру, күнделікті формативті бағалаудың қоюлуы қадағаланды.

2022/23 оқу жылының қорытындысы бойынша оқу бағдарламасының орындалуы толық көлемде орындалды. Мереке күндеріне түскен сағаттар материалды тығыздау бойынша орындалып шықты.

Қорытынды:

2022/23 оқу жылында оқу бағдарламасының орындалуы толықтай 100 пайыз орындалды.

Келер 2023/24 оқу жылына арналған ұсыныстар:

1. 1-11 сыныптарда сабақ беретін мұғалімдерге:

1.1. Жұмыс бағдарламаларын, олардың теориялық және практикалық бөліктерін жеке тақырыптарды зерттеуге арналған бағдарламаларға бөлінген сағаттарға сәйкес толық көлемде орындау.

1.2. 2023/24 оқу жылына арналған жұмыс бағдарламаларын әзірлеу, мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарын нақты ұстану.

2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына:

2.1. Білім беру деңгейлері бойынша оқу бағдарламаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру.

2.2. Алынған мәліметтер негізінде тоқсан, жыл қорытындылары бойынша бағдарламалардың орындалуына талдау жүргізу.

2. Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау.

2022/23 оқу жылы ішінде мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес тексерілді:

2.1. Білім алушылардың жеке іс-қағаздарын тексеру қыркүйек және маусым айларында жүргізілді. Нәтижелерді талдау кемшіліктерді тез жоюға мүмкіндік береді (тізімді жаңарту, жаңа деректерді енгізу). Оқушылардың жеке істері талаптарға сәйкес жүргізіледі. Жеке істердің саны сынып тізімдеріне сәйкес келеді; әрбір жеке істе қозғалыс кітабындағы жазбаға сәйкес келетін нөмірі бар; жеке істер негізінен ұқыпты толтырылады; оқушылардың оқу табельдеріне шығарылған белгілер сынып журналдарында қойылған қорытынды белгілерге сәйкес келеді; педагогикалық кеңестің келесі сыныпқа ауыстыру туралы шешімінің жазбалары және сынып жетекшілерінің қолдары бар; әрбір жеке істе барлық қажетті құжаттар бар. Мұғалімдермен жеке жұмыс барысында кемшіліктер тез арада жойылады. Алфавиттік кітап талаптарға сәйкес жүргізіледі. Аттестаттар беру кітабы талаптарға сәйкес жүргізіледі.

2.2. Дәптерлерде орфографиялық режимді орындау.

Тексеру мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес жүргізілді: әр сыныптық-жалпылама бақылау кезінде 2-11 сыныптар бойынша оқушылардың жұмыс дәптерлері тексеріліп, пән мұғалімдеріне тексеру қорытындысы бойынша анықтама ұсынылды. Дәптерлерді тексеру

барлық мұғалімдердің жұмыс дәптерлерін жүргізу талаптарының сақталуын бақылай бермейтінін көрсетті. Соның ішінде, әсіресе бірыңғай талаптарды орындамайтыны туралы қазақ тілі мен математика, орыс тілі мен ағылшын тілі пәндері бойынша дәптерлер дер кезінде тексерілмейтіні анықталды. Бақылаудан кейін, 10 жұмыс күні ішінде кеткен кемшіліктерді жойып, талаптарға сай орындалып, кемшіліктер жойылып отырды.

2.2.1. Бақылау дәптерлеріндегі қателіктер бойынша жұмыстарды орындау жиілігі мен сапасы.

Тексеру көрсеткендей, жалпы мұғалімдер оқушылардың білімі мен дағдыларындағы анықталған олқылықтарды жою бойынша жұмысты уақытылы ұйымдастырды. Қателерді түзету үнемі жүзеге асырылып отырғандығы байқалды..

2.2.2. Пән мұғалімдерінің дәптерлерін тексерудің жиілігі мен сапасы

Тексеру сапалы жүргізілмейді, көп жағдайда қателер түзетілмейді, белгілер тұтастай объективті түрде қойылмайды. Осындай қателіктер бойынша Жалмағамбетова Б.Қ., Төлеубаева С.Ж., Сүлеймен Д., Уябаева Г.Ж. анықталды, бес жұмыс күн ішінде қателіктерді жою жұмыстарын жүргізу бойынша жұмыстар жүргізілді.

2.2.3. Сынып журналдарының жағдайы.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2023 жылдың 01қыркүйектен 31 мамыр аралығында ҰББДҚ толтырылуы, Kundelik.kz электронды журналдың ережеге сай толтырылуы.

Бақылаудың мақсаты:

Жалпыға бірдей білім стандартын сақтау, ҰББДҚ, электронды журналдардың ережеге сай толтырылуын қадағалау.

Бақылау объектісі: 1-11 сыныптар

Бақылауға жауапты:

Директордың ақпараттық-сандық істер жөніндегі орынбасары А.Ж.Абсалямова

Цифрлық сауаттылық пен жалпы мектепте ақпараттық технологиялардың жүргізілуін анықтау үшін келесі жұмыстар жүргізілді:

1. ҰББДҚ оқушылардың деректері, келуі, кетуі бұйрық бойынша уақытылы тексерілді;
2. Күнделік.kz оқушылардың деректері, алфавиттік номері, белсенді қатысуы тексеріліп, түзетілді;
3. Сабақтардың уақытылы толтырылуын қадағаланып, ескертпелер түзетілді;
4. Сыныптардың, пән мұғалімдерінің бағдарламалары орындалды;
5. Дене шыңықтыру пәндерінің мұғалімдері сынып оқушыларының дене дайындығын тексеріп, толтырды;
6. ҚББ сабақтары толық толтырылды;
7. Steam кабинетіне 6 жинақ -Роботоконструктор LEGO Mindstorms EV3 , 4 жинақ – Ардуино алынды.
8. Информатика пәні мұғалімдері курстарға қатысып, сертификаттар алды: Абсалямова А.Ж., Игенбаева С.Ж (10-11 сынып), Байсынова Д.М (10-11 сынып), Жанайдарова А.М , Есалы З, Койшыбекова А.М.
9. Сайыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды;

Республикалық олимпиаданың (аудандық) кезеңі

1	Шыманов Асылан	информатика	Грамота	Игенбаева Салтанат Жумабековна
2	Аділбек Темірлан	информатика	Грамота	Жәкуден Ақжол Тұрарұлы

«Кегельринг» қалалық сайысы

Сынып	Оқушының аты-жөні	Орын	Жетекшісінің аты-жөні
6	Еркінбек Абылай Алпысбай Мейрамбек	III	Жакуден Ақжол Тұраұлы.

"Кегельринг-квадро" қалалық робототехника сайысы

Сынып	Оқушының аты-жөні	Орын	Жетекшісінің аты-жөні
6	Еркінбек Абылай, Алпысбай Мейрамбек	Грамота	Жакуден Ақжол Тұраұлы

«Сызық бойымен жарыс» санатындағы роботтар жарысы

Сынып	Оқушының аты-жөні	Орын	Жетекшісінің аты-жөні
8	Ауезхан Нұрдәулет, Бақытбекұлы Дастан	III	Есалы Зейнеп

«Робоарена -2023» роботтар жарысы

Сынып	Оқушының аты-жөні	Орын	Жетекшісінің аты-жөні
8	Ауезхан Нұрдәулет, Бақытбекұлы Дастан	I	Игембаева Салтанат Жумабековна

2.3.1. Оқу жұмыс бағдарламаларын іске асыру.

Мектепшілік бақылау барысында барлық сынып журналдарында мұғалімдер тақырыптық жоспарлауға сәйкес тақырыптардың өтуін жазып отырғаны анықталды. Жеке пәндер бойынша білім беру бағдарламалары мен практикалық бөлімнің орындалуын талдау мақсатында сынып журналдарындағы тақырыптық жоспарлау мен жазбаларды зерттеу оқу жоспарының орындалуын көрсетеді.

Бұл ретте сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің журнал жүргізуі, бағдарламалардың өтуі, үлгерім деңгейі, сауалнама жүйесі, жұмыстың ауызша және жазбаша нысандарының үйлесімі, сабаққа қатысу, тоқсан, оқу жылы үшін белгі қоюдың объективтілігі талданады. Журналдарды жүргізу және толтыру бойынша 5 анықтама жасалды. Тексерулер көрсеткендей, оқу журналдарындағы жазбалардың көпшілігі сынып журналдарын толтыру ережесіне сәйкес толтырылады: тоқсан мен жартыжылдыққа уақтылы және объективті белгілер қойылады. Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес жұмыс бағдарламалары мазмұнының және элективті курстарды оқыту мен элективті курстар бойынша электронды журналда ҚББ толтырылуы да қатаң бақылауда жүреді. Элективті курстар бойынша журналды толтыру өте кеш толтырылады.

2.3.3. Белгілердің объективтілігі, белгілердің жинақталуы.

Негізінен тексеру белгілердің жинақталуы (төрт сабақ үшін кемінде бір белгі) және оқу кезеңінде (тоқсан, жартыжылдық, оқу жылы) белгілер қоюдың объективтілігі бойынша нормалардың сақталуын белгілейді. Мұғалімдер сауалнама мәселесіне және оқушылардың көпшілігінің белгілерін жинақтауға назар аударады (ауызша сауалнама жүргізеді және жазбаша бақылау процедураларын жүргізеді, олар үшін барлық оқушыларға белгілер қойылады).

2.3.4. Оқушылардың оқу сабақтарына қатысуын есепке алу.

Тексеру барысында жалпы сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысуын күн сайын қадағалап отыратыны және оқушылардың өткізген сабақтарының саны туралы мәліметтерде оқу сабақтарының өткізілуін тіркейтіні анықталды. Пән мұғалімдері оқушының сабақта болмау фактісін де жазады. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау бойынша мониторинг жүргізіледі, сол арқылы биылғы оқу жылында 7 «Д» мен 8 «F» сыныптарында оқитын апалы-сіңлілер Таимова Гаухар, Таимова Жұлдыз, Таимова Алтын сабаққа себепсіз келмей, 2 тоқсан бойы қорытылмады. Қалалық сот шешімі

бойынша аталған оқушылардың мектепшілік құқық бұзушылық бойынша тіркеуге қойып, қатаң бақылауға алынуы туралы шешім қабылданды.

2.3.5. Үй тапсырмасының хронометражы

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес үй тапсырмаларын мөлшерлеу, мектептің "Үй тапсырмасы туралы ереже" жергілікті актісінде көрсетілген нормаларды сақтау бойынша 2-11 сыныптардың сынып журналдары тексерілді.

Жалпы, мұғалімдер осы жергілікті актінің талаптарын орындайды. Негізгі ескертулер мұғалімдердің параграфпен жұмысты нақтыламауымен байланысты (олар онымен не істеу керектігін көрсетпейді: оқыңыз, қайталаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз, реферат дайындаңыз және т.б.). Әр үй тапсырмасының нақты болуы; параграфы, беті, тақырып атауы түгелдей толығымен анықталып жазылуы керек екендігі туралы мұғалімдерге түсіндірме жұмысы жүргізілді.

2023/24 оқу жылына ұсыныстар:

«Күнделік» электронды журналын уақыты толтыру, күнделікті оқушыларды бағалау.

«Күнделік» электронды журналында үй тапсырмасының нақты жазылуы; параграф атауы, қайталау тақырыбы мен беті, есеп нөмірі т.б.

Компьютерлік жабдықтарды жаңарту, Steam кабинеті үлкейтіп, безендіру

3. Оқу процесінің сапасын бақылау

2022-2023 оқу жылында сабақтар екі ауысымда жүргізілді. Тиімді оқу-тәрбие процесін, оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыру, негізгі санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау үшін жұмыс режимі мен шарттары қолайлы болды. Мектеп бес күндік жұмыс аптасында жұмыс істеді. 1-11 сыныптардағы сабақтың ұзақтығы-45 минут. 1-сыныпта сабақтың ұзақтығы бірінші жартыжылдықта - 35 минут, екінші жартыжылдықта-45 минут.

2022/23 оқу жылы ішінде мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес тексерілді: 2022-2023 оқу жылының соңында 2721 оқушы, оқу озаттары-329, оқу екпінділері-934, мектеп бойынша білім сапасы-52%, үлгерім-100 % құрады.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының Жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алынып, мектептің оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі ұйымдастырылды. ҚР Білім стандарты негізінде білім беріліп, оқу бағдарламасы орындалды. Биылғы 2022-2023 оқу жылында мектеп екі ауысымда жұмыс істеп келеді, бірінші ауысымда 1,4,8,9,10,11 сыныптар, екінші ауысымда 2,3,5,6,7 сыныптар оқиды. Оқу жылын 102 сынып комплектісімен, 2643 оқушымен бастадық.

3.1. 1, 5, 10 сынып оқушыларының бейімделу кезеңін ұйымдастыру.

Қыркүйек айының басында 1-сыныпта бірінші сынып оқушыларының оқуға дайындығына мониторинг жүргізілді. Оның мақсаты алғашқы оқу кезеңінде бірінші сынып оқушыларының бейімделу әлеуетін бағалау болды. Бейімделу процесін бағалау баланың өзіндік өнімді іс-әрекетін талдау арқылы жүргізілді. Кіріс диагностикасының нәтижелері бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындығын анықтады. Алынған мәліметтерді мұғалім 1-сыныпта оқыған кезде балаға жеке-сараланған тәсілді жүзеге асыру үшін пайдаланады. Мотивациялық сала қалыптасты.

5-сыныптың бейімделуі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Тютюнова Э.Р.бақылауында болды. Қазақ тілі мен математика бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізілді, білім алушылардың диагностикасы ұйымдастырылды.

3.2. Сабақтан тыс жұмыстар

1-10 сынып оқушылары үшін сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастырылды. Сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда, оның мағыналы бағыттарын таңдауда, ең алдымен, мектеп ата-аналардың, оқушылардың заңды өкілдерінің, оқушылардың мүдделерінің, мүмкіндіктері мен білім беру ұйымы қызметінің басым бағыттарына назар аударды. Сабақтан тыс жұмыстың басты артықшылығы білім алушыларға оларды дамытуға бағытталған кең ауқымды сабақтарға мүмкіндік беру болып табылады. Сабақтан тыс сабақтарды бастауыш сынып мұғалімдері, пән мұғалімдері жүргізеді. Жыл бойы педагогтердің жұмыс бағдарламаларына және оларды іске асыру дәрежесіне, білім

алушылардың сабаққа қатысуына тексеру жүргізілді. «Мектептің шаруашылық кәсіпорнына ауысуына байланысты ақылы білім беру курстары туралы» №24 26.10.2022 мектепшілік бұйрыққа сәйкес мектебімізде келесідей ақылы курстар өтті:

№ р/с	Қызмет атауы	Жетекшісі
1.	Физикалық есептерді шығару жолдары.10 сыныптар	Дузеннова Алима Алтынбаевна
2.	«Зерде» математика 5,9 сыныптар	Қалқанбаева Марфуға Қыдырмолдақызы
3.	«Жылдам оқу» 4,5,6 сынып	Толеубаева Самал Жақсылыковна
4.	«Көркем және сауатты жазу» 5-6 сынып	Жалмағамбетова Ботагөз Қосымбайқызы
5.	«Бестемше» 1-4 сынып	Камбарова Әлия Уалихановна
6.	«Сиқырлы саусақ» 1-4 сынып	Косыбаева Гүлбаршын Нурғалиевна
7.	«Шешендік өнер» 1-4 сынып	Абдукодирова Маржан Ержанқызы
8.	«Жас тілші» 1-4 сынып	Шайдарханова Назерке Ержанқызы
9.	«Математика және логика» 1-4 сынып	Абдиева Айжан Сапарбековна
10.	«Эссе жазып үйренейік» 9 сынып	Ахметова Жанар Ерсейітқызы
11.	Математика әлемі 7-сынып	Уябаева Гүлбаршын Жақсылыковна
12.	Математикалық есептерді шығару жолдары.5,7,9-сынып	Омарова Динара Бекмұратовна
13.	3D модельдеу 6 сынып	Игембаева Салтанат Жумабековна
14.	«Математикалық есептерді оңай тәсілмен шығару жолдары 5-сыныптар	Бабакулова Меруерт Абдырахмановна
15.	Орыс тілі мен әдебиеті 5, 6 сыныптар	Жүнісова Зауреш Советовна
16.	Орыс тілі мен әдебиеті 5 сыныптар	Кызырова Динара Баубековна
17.	«Эссе жазып үйренейік»	Байтугулова Кульбаршын Калидуллаевна
18.	Математика 6 сыныптар	Алданазарова Гүлнар Баратовна
19.	Математика 9 сыныптар	Таналиева Гульжан Нурмағамбетовна
20.	Математика 5 сыныптар	Абуова Ақманат Даулетовна
21.	Математика 5 сыныптар	Қолғанат Ұлжан
22.	Ағылшын тілі	Ермухамбетова Меруерт Ермухамбетовна
23.	Ағылшын тілі	Какенова Гаухар Валерьевна
24.	Вокал (бастауыш буын)	Хайрова Айнур Кожабергеновна

25.	Вокал (бастауыш буын)	Әлімбеков Нұрсұлтан Бауыржанұлы
26.	Сауатты оқу (бастауыш буын)	Молдалиева Жанар Шүкіралиевна
27.	Қызықты орыс тілі (бастауыш сыныптар)	Сапарбекова Гульмира Калмухановна
28.	Тарих «9 сыныптар»	Ермишова Ажар Бекайдаровна

Курстар сенбі күндері өтті, курстардың ұзақтығы 1 академиялық сағаттан тұрады. Ақылы курстардың төлемақысы 1000 мың теңгеден тұрады.

2023-2024 оқу жылына ұсыныстар:

Келер оқу жылы ақылы курстардың жұмысын одан әрі қарай жалғастыру;

Эстетикалық бағыттағы (колөнер) курстарды ұйымдастыру.

3.3. Оқушылардың үлгермеуінің алдын алу

Оқу жылы ішінде бақылау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

-оқушылардың оқу сабақтарына қатысуы.

Бақылау кезеңінде себепсіз сабақтарды босату бойынша 7Д сынып оқушылары Таимова Алтын мен Жұлдыз бен 8 Г сынып оқушысы Таимова Гаухар анықталды.

Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау, оның ішінде денсаулығы бойынша, өткізіп алған күндер мен сабақтардың ең жоғары пайызы байқалатын сабақтарды анықтауға мүмкіндік берді.

2023/24 оқу жылына ұсыныстар:

- Білім беру қатынастарының негізгі қатысушыларының сұраныстарын ескере отырып, білім беру қызметі үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.
- Сабаққа қатысу мәселелерін тұрақты бақылауда қалдыру, сынып жетекшілеріне дәлелді себептерсіз және кешігусіз сабақты өткізіп жіберуге бейім білім алушылар анықталған жағдайда жедел әрекет ету.
- 7Д мен 8Г сынып оқушылары Таимовтарды қатаң бақылауға алу
- **4. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау**

2022-2023 оқу жылының бірінші тоқсанында мектепшілік бақылау жоспарының «Білім олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау» бөлімінің негізінде қыркүйек-қазан айлары аралығында үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеу бойынша мұғалімдердің сабақтарына қатысып, «0» кима жұмыстары алынды.

Тексеру мақсаты: үлгерімі төмен оқушылармен пән мұғалімдерінің сабақ және сабақтан тыс уақытта жұмыстарын ұйымдастыруын бағалау.

Қатысқан сабақтарды талдаудан, сынып журналдарын және жеке тексеруден пән мұғалімдері үлгерімі төмен оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою мақсатында оқушылармен сабақ және сабақтан тыс жұмыстарды жоспарлағаны анықталды. Олар үлгерімі нашар оқушылардың тізімін құрды, белгілі бір оқушының біліміндегі олқылықтарды біліп, сабақтан кейін жеке қосымша сабақтар ұйымдастырады, ата-аналармен байланыс орнатады, олармен сенбі сайын қосымша сабаққа тартатыны анықталды. Сабақтардың ең үздіктері мен мұғалімдердің жан-жақты жұмыс жасайтындарынан мынадай қорытынды шығаруға болады, мысалы

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері, оның ішінде қатысқан Құдайбергенова А.К., Төлеубаева С.Ж. үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасауда мынадай әдістерді қолданады:

1. деңгейлер бойынша жалпылама кестелер:

I деңгей (білім: есте сақтау): жалпылама кесте негізінде дәйекті мәлімдеме жасау;

II деңгей (түсіну: түсіндіру, баяндау, түсіндіру): жалпылама кесте негізінде дәйекті мәлімдеме жасау, мысалдарды өз бетінше таңдау.

2. білімді түзету кезіндегі саралау әдістері:

- кателер бойынша жұмыс: сөзді түзетілген түрде жазып, емле немесе пунктограмма түрін анықтау керек, түзету саналы түрде жасалғанын графикалық түрде көрсету керек, кездейсоқ емес, жазуды таңдауға әсер ететін барлық нұсқаулар анықталған.
- мысалдарды өз бетінше таңдау-бұл "жалшылау негізінде тасымалдау механизмі" жүзеге асырылғанын, оқушы ережені іс-әрекет әдісі ретінде меңгеруді үйренетінін көрсететін соңғы кезең.
- орындалу үлгісі бар тапсырмалар (алдымен толық, егжей-тегжейлі үлгі, содан кейін қысқартылған жұмыс жүйесі бар үлгі, содан кейін үлгісіз орындау, оқушы өзі жұмыс істеген үлгіні шығарады және тапсырманы орындайды).
- көмекші сұрақтармен тапсырмалар. Сұрақтар теориялық ақпаратты, сондай-ақ практикалық дағдыларды жаңғыртуға бағытталуы мүмкін. Мұндай сұрақтарды қолданудың мақсаты-оқушыға тапсырманы орындау үшін қажетті негіз болып табылатын білімді есте сақтауға көмектесу.
- ілеспе нұсқаулармен, нұсқаулықтармен тапсырмалар. Теориялық жағдайды зерттеудің басында зерттелетін материалды игеруге ықпал ететін нұсқаулар, түсіндірмелер бар тапсырмаларды қолдануға болады.
- теориялық анықтамалары бар тапсырмалар тиісті теориямен белгілі бір әрекетті таңдауды негіздеу дағдыларын қалыптастыруға, белгілі бір Ережемен форманы немесе емлені таңдауды бақылау әдетін қалыптастыруға бағытталған.

Математика мұғалімдері Уябаева Г.Ж., Қалқанбаева М., Таналиева Г.Н. сабақтарда үлгерімі нашар оқушыларды жеке топқа бөледі, олармен жұмыс келесідей жүргізіледі: мұғалім түсіндіргеннен кейін неғұрлым дайындалған оқушылар шақырылады, содан кейін фронтальды топтық жұмыс, содан кейін мұғалім тексеріп, түзететін өзіндік жұмыс. Үйге ең төменгі міндетті деңгейдегі тапсырмалар ұсынылады.

Сабақтан кейін қажеттілігіне қарай консультациялар өткізіледі.

Ағылшын тілі мұғалімдері Кудабасева А.А., Какенова Г.В. оқушыларға шет тілін үйретудің ең тиімді әдісі, қойылған міндеттерге қол жеткізуге ықпал етеді, сараланған тәсіл деп санайды:

- әлсіз оқушы зерттелген сөйлеу үлгілерін немесе өрнектерді айтпас бұрын, оларды күшті оқушылардан бірнеше рет естиді. Бұл оған тілдік материалды есте сақтауға, оны дұрыс қолдануға және қойылған сұраққа жауап беруге көмектеседі.
- Жазуды үйрену кезінде ол үлгерімі төмен оқушыларға арналған тапсырмамен шектеледі: сөздерді қайта жазу, осы сөздердің аудармасын жасау, қазақ немесе ағылшын сөздеріне балама беру, мәтінді қолдана отырып, сөйлемдерді ағылшын тілінде жалғастыру.

География пәнінің мұғалімдері Б.С. Токпанова, Г.М. Малибекова сабақта үлгерімі нашар оқушылармен жұмысты келесідей ұйымдастырады:

- үй тапсырмасын тексеру кезінде: ауызша сұрау, картамен жұмыс, базалық деңгейдегі тест тапсырмалары.
- жаңа материалды зерделеу кезінде: мұғалімнің тапсырмасы бойынша жоспар-конспектісін, жеке тапсырмаларды құрастыру.

Химия мұғалімдері Азимбаева Г.К., Наганова Н.С. үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс істеу үшін жеке карточкаларды, топтық жұмысты, орындалған тапсырманы өзара тексеруді, қосымша сабақтарды пайдаланады.

Қорытынды: мұғалімдердің көпшілігі сабақта және сабақтан тыс уақытта оқушылардың білім деңгейлеріне байланысты дифференциалды тапсырмалар береді, қосымша білімдегі олқылықтарды жою мақсатында сабақтар ұйымдастырады. Сабақтан кейін әр апта сайын кемінде 15 баладан кеңес сабақтарын өткізіп, олардың оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергендігін тексеру мақсатында қызықты тапсырмалар мен жаттығулар орындатады. Олқылықтарды жою жұмысы бойынша әр оқушының арнайы дәптері жүргізіліп, күнделікті тексеріліп отырады. Мұғалімдердің арнайы жоспары жасақталып бекітілген.

2023/24 оқу жылына ұсынымдар:

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс тиімділігін күшейту үшін пән мұғалімдеріне:

- оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін, әр сабақта оқушылардың базалық білімді меңгеру деңгейін бақылаудың тиімді формаларын қолдана отырып, үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты күшейту.
- сабақтан тыс уақытта үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмысты жоспарлау және жүйелі түрде жүргізу, әр оқушының біліміндегі олқылықтардың есебін қатаң жүргізу;
- қашықтан оқуды ескере отырып ақпараттық технологиялардың оның ішінде әртүрлі білім беру платформаларының мүмкіндіктерін ескере отырып, сабақтарында қолдана білу.
- Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру жоспарларының ең үздіктерін жинақ ретінде шығару;
- Қосымша сабақтардың арнайы мультимедиялық жазылымдарын дайындау.
- 2022-2023 оқу жылының соңында білім сапасының ең төмен көрсеткіші бойынша 7 «Г» сыныбын келесі оқу жылының бірінші жартыжылдығында Лессон стади жүргізіп, туындаған проблемасын анықтау, білім сапасын көтеру.

5. Оқу-зерттеу қызметі

Бақылау нәтижелері бойынша білім беру қызметін жетілдіру бойынша педагогтармен әдістемелік жұмыс

2022/23 оқу жылы ішінде оқыту сапасын жетілдіру мақсатында педагогтерді әдістемелік қолдау бойынша жұмыс жүргізілді.

Мектепте аттестаттау қорытындысында көрсетілген оқытушылардың кәсіби шеберлігінің нәтижелері үнемі қадағаланып отырады. Бұл көрсеткіштер педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігінің өте жоғары деңгейін көрсетеді. Мектепте барлық мұғалімдерге арналған мәліметтер банкі бар, әр мұғалімнің портфолиосы бар.

4.1. Педагог қызметкерлерді аттестаттау

Мектеп әкімшілігі мұғалімдерді кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға, біліктілік санаттарын арттыруға ынталандыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Мектептің (50%) белгіленген мерзімде аттестаттаудан сәтті өтті, мәлімделген санаттарға қойылатын талаптарға сәйкестігін растады. 2022/23 оқу жылы ішінде мектепшілік бақылау аясында педагогтардың сабақтарына қатысты: мектеп директоры 20 сабаққа қатысты, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары 35 сабаққа қатысты.

Сабаққа қатысу қорытындысы бойынша ұсыныстар берілді:

- ✓ Сабақтың оқу уақытын ұтымды пайдалану.
- ✓ Оқушылардың үй тапсырмасын күнделікке жазуын тексеру, күнделікке белгі қою.
- ✓ Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақта әр түрлі жұмыс түрлерін қолдану.

Бақылаудың барлық түрлерінің нәтижелері бойынша анықтамалар жасалды, нәтижелер педагогикалық кеңестерде, директор жанындағы кеңестерде, директордың ҚІ жөніндегі орынбасары бойынша талқыланды. Ұсыныстар да берілді.

1-11 сыныптарда қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі, математика және физика пәндері, жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық пәндері жоғары әдістемелік деңгейде әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді.

2023/24 оқу жылына арналған ұсыныстар:

1. Мұғалімдерді өзін-өзі дамытуға, кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға, шығармашылық өсуге ынталандыру;
2. Оқу үдерісіне сабақтарды зерттеу, яғни Лессон стаидиді енгізу.

6. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау

Мектептің дарынды балалармен жұмысын басқарудың жағдайын жақсарту мақсатында мектеп директорының бұйрығына сәйкес мектепте дарынды балалардың ғылыми қоғамы құрылып жұмыс жоспары бекітілді.

Мектеп өз қабырғасында жаңа өмірге жанаша көзқараспен қарайтын, ойлау қабілеті ерекше оқушыларды оқытып, тәрбиелеуі қажет. Осы тұжырымды негізге ала отырып, мектеп ұжымы **«Оқушылардың іс-әрекетін зерттеу арқылы заманауи оқытудың жолдары»** тақырыбында жұмыс атқарды.

Мақсаты :

Оқушылардың іс-әрекетін бақылау және зерттеу арқылы заманауи оқыту

Міндеттері:

- әрбір оқушыны зерттеу арқылы тұлғалық болмысын жасау;
- барлық оқушылардың бойындағы қабілеттерін анықтай отырып, табысқа жетелеу «Табысты мектеп, табысты мұғалім, табысты оқушы» идеясын қолдану;
- пәндердің сапалы оқыту арқылы оқушының өмір бойы білім алуына қажетті дағдыларды дамыту. Үштік одақты жетілдіру ата-ана, мектеп, оқушы. (білу, түсіну, қолдану, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, сыни ойлау, шығармашылық, зерттеушілік, коммуникативті, рефлексия, функционалдық сауаттылық т.б.).

№86 мектеп гимназиясында ұстаздар мен оқушылардың ғылыми - зерттеу жұмысын жазу барысына дұрыс бағыт-бағдар беру, зерттеу әдіс -тәсілдерінің қыр-сырын үйрету мақсатында «Ғылым және Ғалым» жобасы оқушыларды олимпиадаға дайындау, шығармашылық қабілеттерін таныту, өзін іс жүзінде көрсету үшін қолайлы жағдайлар жасау, ғылым әлеміне жол сілтеу мақсатында жұмыс атқарады.

«Жас дара» оқушылар қоғамы 2021 жылдан бері жұмыс істейді. Орталықтың басты мақсаты - дарынды балалардың қабілеттерін анықтай отырып, ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу. Жаңа идеяларды өзінше игере білу, жаңа ғылыми жаңалықтарды тез және пайдалырақ пайдалана білу қабілеттерін арттырады.

Жоғары адамгершілік қасиеттері мен рухани мәдениетін дамытуға белсенді түрде көмектесу;

Қазіргі таңда ғылыми орталықта 224 оқушы бар. Оқушылар жаратылыстану және гуманитарлық бағытындағы пәндер бойынша өзіндік шығармашылық зерттеу жұмыстарымен айналысуда. Болашақта дарынды оқушылар өз көзқарасын өмірде дәлелдей алатын жаңа идея ұсынушы жас зерттеуші тұлғасын қалыптастыруды басты қағида етіп ұстанады.

Ғылыми қоғам (ОФҚ) өзінің интеллектісін дамытуға, ғылыми-зерттеу әрекет дағдыларын игеруге, өзінің белгілі бір ғылым саласындағы білімін жетілдіруге талпынған жастардың еркімен құрылған шығармашылық бірлестігі.

- ✓ Мектептің кез келген оқушысы қоғамға мүше бола алады.
- ✓ Қоғам мүшелеріне өз секцияларында барлық мәселесін талқылап, шешім қабылдай алады.
- ✓ Оқушылардың ғылыми-қоғамы-бұл ғылыми зерттеушілік жұмыс дағдыларын қалыптастыруға және белгілі бір ғылым саласында өз білімін жетілдіруге арналған өз интеллектісін дамытуға таланттанған оқушылардың ерікті шығармашылық бірлестігі.
- ✓ Оқушылардың ғылыми-қоғамы өз құрамына жеке секциялар, ғылыми үйірмелер, клубтар және ғылымның әртүрлі бағытындағы қоғамдарды енгізе алады.
- ✓ Оқушылардың ғылыми-қоғамының қызметі Қазақстан Республикасының Заңдарына, «Білім беру жөніндегі» Қазақстан Республикасының білім және

ғылым Министрлігінің нормативтік құқықтық актыларына, Астанғылыми-практикалық «Дарын» орталығына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

- ✓ Оқушылардың ғылыми қоғамы қызметін ұйымдастыруды қоғам құрылып отырған мекеме жетекшісі іске асырады.
- ✓ Қорытындысы оқушылардың ғылыми тәжірибелік конференциясында ең үздік жобалар анықталып, марапатталады. Қалалық, республикалық деңгейлі ғылыми жоба байқауларына ұсынылады.

Қоғам құру алдында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, сұхбат сауалнама алынып, тренингтер ұйымдастырылды. Оқушылармен арнайы психологиялық зерттеулер де жүргізілді. Тынымсыз еңбекпен зерттеу нәтижесінде оқушылар ғылыми қоғам мектептен тыс емес, ол әр пәннен өткен сабақтың жалғасы екендігін терең түсінді. Оқушылардың зерттеу жұмысының дұрыс жүзеге қойылуына қосымша көмектер аса қажет. Оқушылардың өз бейімі мен қызығушылығына орай жетекшілік жасайтын ұстаздар бекітілді.

Оқушылар жетістігі

Мектеп оқушылары халықаралық, республикалық, қалалық, аудандық пәндік олимпиадаларға, шығармашылық және зерттеу жобалары конкурстарына, көрмелерге, жарыстарға қатысу нәтижесі

Республика

2019- 2021	21	0	16	-	92	2
2021-2021	36	1	18	2	125	2
2021-2022	41	1	20	3	136	5

Оқу-тәрбие бойынша түрлі байқаулар мен конкурстардың үлесі

Қалалық байқаулар

20119-2021	3		
2021-2021	11	11	9
2021-2022	10	9	21

Сынып жетекшілердің сапасын бақылаудан туындаған аталмыш жетістіктер арқылы тәрбиенің «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие», «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу», «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру» бағыттарының жан-жақты жұмыс жасауына өзіндік үлесін қосты.

Жетекшілік ететін бағыт бойынша жұмыс тәжірибесін республикалық немесе халықаралық деңгейде жалпылау және тарату

Тәрбие жұмысындағы басты қатысушылар – оқушы, ата-ана, сынып жетекші, психолог, әлеуметтік педагогтардың жұмыстарының сапасын үздіксіз бақылау нәтижесінде №86 мектеп-гимназиясындағы тәрбие жұмысының деңгейі қалалық кенестерде ғана емес, республикалық, халықаралық дәрежеде артты. Тәрбие жұмысының рухани танымдық, ұлттық, зияткерлік тәрбие, ақпараттық-мәдениетті, дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбие бағыты бойынша республикалық, халықаралық деңгейде өткен шаралар арқылы, біз шәкірттеріміздің бойына елге, туған жерге деген сүйіспеншілікті, рухани құндылықты қалыптастырдық. Оған дәлел – төменде көрсетілген дәлелді ақпараттар легі.

№86 мектеп-гимназиясында тәрбие жұмысының 8 бағыты үздіксіз жүргізіліп, бақылау назардан тыс қалған емес. Үздіксіз жүргізіліп отыратын мониторингтік бақылау арқылы тәрбие бағыттары бойынша оқушылар мен ата-аналар белсенділігі де сынып жетекшінің жұмысы арқылы тексеріліп отырды. Кез-келген тәрбие бағыттары бойынша ұйымдастырылған жұмыста ішкі бақылау кестелері басты көмекші болып отырды. Кері байланыс ретінде алынатын анықтамалар, хаттамалар, сараптамалар деңгейін тексеру арқылы тәрбие жұмысының сапасы бақыланып отырды.

2022-2023 оқу жылындағы дарынды балалармен жұмыс жоспарына сәйкес мектебімізде атқарылып жатқан жұмыстармен таныстыратын болсам оқу жылының басында 28 қыркүйек күні «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығымен бірлесе отырып Қазақ КСР ҒА-ның академигі, қоғам қайраткері, зерттеуші, аудармашы, қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушылардың бірі М.О. Әуезовтің 125 жылдығына арналған «М.О. Әуезов шығармаларындағы құндылық және оқыту әдістемесі» атты І қалалық панорамалық сабақ беру конкурсын өткіздік. Конкурста 8 серіктес мектептерден 22 мұғалім мен 48 оқушы қатысты. Панарамалық сабақ конкурсында мектебіміздің мұғалімі Жалмағанбетова Ботагөз мараптқа ие болды. Эссе номинациясы бойынша, 11 сынып Аманжолова Ақбота 1-ші орынды, 10 сынып Садық Медина 2-ші орын, 9 сынып Бақытжанқызы Гулмира Грамота иеленді.

Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық, қалалық кезеңінде мектебіміздің 6 "Г" сынып оқушысы Нұржігіт Алуа 1-орын иеленіп Республикалық кезеңінде жүлделі 3-ші орын сонымен қатар смартфонға ие болды. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Байтуғулова Гульбаршын Қалидоллақызы.

3-ші сынып оқушысы Синдарбек Айару Грамотаға ие болды. Жетекшісі: Абдиева Айжан Сапарбекқызы

"Сәкен оқулары" байқауының "Болмасаң да ұқсап бақ" номинациясы бойынша Бейсен Ернар III орынды жеңіп алды; Жетекшісі: Акирапбаев Нұрбол Болатбекұлы "Сәкен жыр сұңқары" номинациясы бойынша Шырынбай Кәусар грамотаға ие болды. Жетекшісі: Байтуғулова Гульбаршын Қалидоллақызы

Жаратылыстану-математикалық циклы пәндері бойынша жалпы білім беру ұйымдарының түлектеріне арналған XV Президенттік олимпиаданың облыстық (бірінші) кезеңінде қатысқан 88 оқушыдан 11 сынып оқушысы Рустем Айдана Маратқызы ең жоғары ұпай жинап келесі кезеңге өткен 20 оқушы қатарына ілініп қалалық кезеңнен де сүрінбей өтіп Республикалық кезеңге жолдама алды Жетекшісі: Уябаева Г.Ж. Еркекулова А.Қ.

8-11 сынып оқушылары арасында республикалық «Ақберен» қалалық байқауында: 11 сынып оқушысы Айқын Құндыз Шешендік өнер, білгірлік сайысы номинациясында Бас жүлдеге ие болды. Жетекшісі Шамахова Ақманат Ибраевна. 10 сынып оқушысы Жамал Диас Көркем сөз номинациясында III орынға ие болды. Жетекшісі: Шаймұрат Нұртас. 10 сынып оқушысы Дүйсенбай Ерсұлтан Ұлттық аспапта ойнау номинациясында III орынға ие болды. Жетекшісі: Жалмағанбетова Ботакөз Қосымбайқызы. 10 сынып оқушысы Кашкинбай Аида Ақындар мүшайрасы номинациясында III орынға ие болды. Жетекшісі: Жалмағанбетова Ботакөз Қосымбайқызы

Республикалық лингвистикалық олимпиаданың қалалық кезеңі 11 сынып оқушысы Салық Елдар жоғары ұпай жинап келесі кезеңге өтті. Жетекшісі: Абилтаева Майра Латенқызы.

Әбіш оқуларының қалалық кезеңінде Ә.Кекілбаевтың шығармаларын (прозасы, поэзиясынан) мәнерлеп оқу номинациясында 10 сынып оқушысы Нұрланқызы Актамақ II орынды иеленді. Жетекшісі: Шамахова Ақманат Ыбырайқызы.

Шығармашылық жұмыс. Ә.Кекілбаевтың шығармалары бойынша зерделеу жоба байқауында 8 сынып оқушысы Бактыөраз Байкелді III орынды иеленді. Жетекшісі: Акирапбаев Нұрбол Болатбекұлы. Ә.Кекілбаев шығармаларынан иллюстрациялық суреттер салу номинациясында 9 сынып оқушысы Кенжебек Шәкәрім Грамотаға ие болды. Жетекшісі: Тынысова Жадыра Маратқызы.

Алтын сақа олимпиадасының мектепшілік кезеңі өтті. Олимпиадаға 39 оқушы қатысты. Жеңімпаздар: 5 сынып Майлыбай Балауса, Есенбек Дінмұхаммед, Мұхаммад Ернұр. 6

сыныптан Алпысбай Мейрамбек, Нұржанқызы Раяна. Қозы Ералы қалалық кезеңде 3-ші орынға ие болды. Жетекшісі Таналиева Гулжан Нурмағамбетовна. 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінің қорытындысы. Олимпиадаға мектебімізден 11 оқушы қатысып 8 оқушы жүлделі орындарға ие болды. 6 сынып Ибадилда Жаннұр қазақ тілі пәнінен I орын. Жетекшісі Кудайбергенова Айгул Халкеновна 5 сынып Ғабдуллақызы Айару ағылшын тілі III орын. Жетекшісі Махметова Мөлдір Елтаевна 6 сынып Жумағалиева Мирей ағылшын тілі Грамота Жетекшісі Кусаинова Назира Жаксылыковна. 5 сынып оқушысы Мейрамбеков Шыңғыс Қазақстан тарихы I орын Жетекшісі Азимбаева Мадина Кураловна. 6 сынып оқушысы Құлжанова Муслима Қазақстан тарихы II орын Жетекшісі: Нурбекқызы Жаңыл. 6 сынып Талап Айару орыс тілі III орын Жетекшісі Кызырова Динара Баубековна. 6 сынып Қозы Ералы жаратылыстану II орын Жетекшісі Нурманова Алтыншаш Габитовна. 6 сынып Биболатқызы Айдана математика I орын Жетекшісі Насикат Қуат

Республикалық ғылыми жобалар сайысының қалалық кезеңінде Қатысқан 9 оқушының 8-і 3 турдан сүрінбей өтіп жүлделі орынға ие болды.

1. Кашкинбай Аида – әдебиет секциясы, II орын. Жетекшісі: Жалмағанбетова Б.Қ.
2. Тоқтарғазы Назерке математика секциясы II орын. Жетекшісі: Қалқанбаева М.Қ.
3. Кенбейлова Алуа ағылшын тілі секциясы III орын. Жетекшісі: Алькеева М. Н.
4. Бакытжанова Гулмира қолданбалы математика секциясы III орын. Жетекшісі: Уябаева Г.Ж.
5. Әубәкір Әлібек химия секциясы III орын. Жетекшісі: Азимбаева Г.К.
6. Сәбит Арайлым биология секциясы III орын. Жетекшісі: Еркекулова А. К.
7. Мұқан Асылдай Қоршаған ортаны қорғау секциясы III орын. Жетекшісі: Нурманова А.Г.
8. Закирова Зарина Өлкетану секциясы III орын. Жетекшісі: Ерінбет Г. А.

Мектеп-гимназиялар арасында «Ең үздік команда-2022» номинациясы бойынша II дәрежелі дипломға ие болдық.

8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық «Ақберен» байқауының Республикалық кезеңінде: 11 сынып оқушысы Айқын Құндыз Шешендік өнер, білгірлік сайысы номинациясында II орынға ие болды. Жетекшісі Шамахова Ақманат Ибраевна. 8-11-сынып оқушылары арасында өткен РЕСПУБЛИКАЛЫҚ "Ақберен" байқауының РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢІНЕН "Шешендік өнер, білгірлік" сайысы бойынша мектебіміздің 11В сынып оқушысы АЙҚЫН ҚҰНДЫЗ ЖҮЛДЕЛІ 2-ОРЫН иеленді. Жетекшісі Шамахова Ақманат Ибраевна.

5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінің қорытындысы. Қатысқан 7 оқушының 6 оқушысы жүлделі орындарға ие болды.

6 сынып Ибадилда Жаннұр қазақ тілі II орын. Жетекшісі Кудайбергенова Айгул Халкеновна

5 сынып Талап Айару орыс тілі II орын. Жетекшісі Кызырова Динара Баубековна

6 сынып Қозы Ералы жаратылыстану III орын Жетекшісі Нурманова Алтыншаш Габитовна

6 сынып Биболатқызы Айдана математика III орын Жетекшісі Насикат Қуат

5 сынып оқушысы Мейрамбеков Шыңғыс Қазақстан тарихы III орын Жетекшісі Азимбаева Мадина Кураловна

5 сынып Ғабдуллақызы Айару ағылшын тілі Грамота Жетекшісі Махметова Мөлдір Елтаевна

«Мұстафа Шоқай - бүкіл түркі жұртының ұлы перзенті» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында 10 сынып оқушысы Бердикулова Диана Нұржанқызы жүлделі ІІ-орынға ие болды: Жетекшісі Ермишова Ажар Бегайдаровна

2-4 сынып оқушылары арасында ІІ қалалық «Әдебиет әліппесі» оқулары өтті . «Ақ желкен» — шығармашылық жұмыс номинациясы. номинациясында – Нурхан Әмина Абайқызы. 4 “А” сынып оқушысы. ІІ орынға иеленді (Абдукадирова Маржан Ержановнамұғалімі) «Алтын сақа» шығарманы жалғастыру номинациясы. номинациясында 4 Ж сынып оқушылары:Ережепов Рамазан Грамотамен марапатталды (мұғалімі Шүкіралиева Жанар Молдалиевна)

Олимпиада, жоба есебі 3 жылдық

Зерде 2-4 сынып оқушылары бойынша жалпы орын.Барлығы -12 .Орын алғандар- 7

I-0
II-2
III-2
5-7
I-0
II-1
III-3

2020-2021	2021-2022	2022-2023
7	15	8

Ғылыми жоба 8-11 сынып 2022-2023 «Ең үздік команда 2022»

Барлығы -12 .Орын алғандар- 8

2020-2021	2021-2022	2022-2023
3	4	8

Олимпиада 5-6 қалалық

Барлығы -12 .Орын алғандар- 8

2020-2021	2021-2022	2022-2023
3	5	6

Олимпиада 9-11 2021-2022 «Ең үздік команда 2022»

2020-2021	2021-2022	2022-2023
7	11	11

2023-2024 оқу жылына арналған ұсыныстар

1.2022-2023 оқу жылындағы зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың олимпиада жетістіктерінің төмендеу динамикасы байқалды. Сол себепті оқушылардың ерекшеліктері мен бейімділіктерін дамытуда, білім беру кеңістігінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қосымша білім беруді дамыту арқылы әр оқушының бойындағы қабілеттерін толық пайдалануға жағдай жасау.

2.Мектепті басқару жұмысына тарту арқылы оқушының кәсіби қабілетін танытуға бағыттау;

3.Оқушылардың дарындылықтарын дамыту олардың өмірлік және кәсіби таңдауына көмек көрсету;

4.Инновациялар мен өзгерістерді,жоба енгізуге жетекшілік ету;

5.«Дарын» сайтына тіркелу, талантты балалармен жұмысты жандандыру;

6.Оқушылардың шығармашылық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту, жұмыстармен айналысуына жағдай жасау, оқушыларды республикалық пән олимпиадасына, байқауларға т. б. қатысуға дайындау;

7. Ғылыми қоғам жұмысын жандандыру.

7. Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау

Мақсаты: оқушыларды сабақтан тыс уақытта бос уақыттарын дұрыс жоспарлауға, сол арқылы салауатты өмір салтын ұстанып, адами құндылықтарды насихаттау. Қосымша білім беруді қамту.

Қосымша білім беру-жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша мектептің 5-11 сыныптары оқушыларына базалық дайындықпен қатар оқушының бейімталды дайындығын қамтамасыз ететін негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушы тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осы сатыда ішкі және сыртқы дифференциация негізінде оқушының базалық дайындығының аяқталуын қамтамасыз етеді.

Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық есебі

2022-2023 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады.

№86 мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты: Мұғалім пен оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін, өзіне ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіретін білім беру ортасын құру.

Міндеттері:

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды: сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарларын тексеру бойынша мектепшілік бақылау бойынша аналитикалық анықтама

Мақсаты: Сынып жетекшілерінің жоспарларының мазмұны; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін тексеру; шешіліп жатқан мәселелердің өзектілігі, мектеп мәселелерімен сәйкестігі, сынып жетекшілерінің сыныппен жұмысын талдай білуі.

- сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарларының болуы;

- тәрбие жоспарларының мақсаттылығы;

- тәрбие жоспарының мектептің даму мақсатымен сәйкестігі;
- тәрбие жұмысын сыныппен талқылай білу.

Тексеру барысында ТЖ жоспарлары зерделеніп, сынып жетекшілерімен және оқушылармен әңгімелесулер өткізілді. Сынып жетекшілеріне жоспар құрудың жалпы құрылымы ұсынылды, бірақ олар үшін ең қолайлы және қолайлы форманы таңдау мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Оқу жылының басында барлық сынып жетекшілерінің ТЖ жоспарлары уақтылы жасалып, тексеруге ұсынылғаны анықталды.

Сыныптағы тәрбие жұмысының жоспарларын тексеру ТЖ бағдарламасын құру кезінде сынып жетекшілері әртүрлі бөлімдерді қоса алғанда, белгілі бір құрылымды ескергенін көрсетті.

Барлық сынып жетекшілерінде өткен оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау бар. Өткен жылғы жұмысты талдау барлық бағыттар бойынша сапалы жүргізілді. Талдаудан негізгі мақсаттар мен міндеттер шығады. Тапсырмалар әр тоқсанға жұмыс жоспарын құру кезінде нақтыланады.

Тәрбие жұмысының бағыттары әртүрлі.

Ата-аналармен бірлескен жұмысты жоспарлауға, оқушылармен және олардың отбасыларымен жеке жұмыс істеуге көп көңіл бөлінеді.

Ата-аналармен жұмыс ойластырылған. Сынып жетекшілерінде: әңгімелесу, дөңгелек үстел, жеке консультациялар, демалысты ұйымдастыру, ата-аналар комитетімен жұмыс жоспарланған.

Сонымен қатар, ТЖ жоспарында сынып жетекшілері бар:

- Нормативтік-құқықтық база.
- Қауіпсіздік техникасы.
- Сыныптың әлеуметтік төлқұжаты.
- Сынып сипаттамасы
- Қауіпсіздік сағаттары және тақырыптық сынып сағаттары.
- Ата-аналармен жұмыс.

Тәрбие жоспарларын талдау сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысының өзекті мақсаттары мен міндеттерін анықтауда қиындық туғызатынын көрсетті.

Қорытынды:

2022-2023 оқу жылында барлық сыныптарда тәрбие жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. ТЖ жоспарлары тұлғалық-бағдарланған және белсенді тәсілдер қағидаттарын ескере отырып құрылған, бұл олардың мазмұнында көрініс тапты: балалардың қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыруға, оларды дамытуға, балаларды әртүрлі іс-шараларға белсенді қосуға бағдарлау.

Сонымен қатар, сынып жетекшілердің тәрбие жұмыс жоспары тәрбиенің негізгі 8 бағыты бойынша жоспарланған. Әр буын бойынша сынып жетекшілері оқушылардың ерекшеліктері бойынша іс-шараларды жоспарлаған. Әр бағыт бойынша әр түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылған. Тәрбие жоспарында ата-аналармен жұмыстың әр түрлі формалары берілген.

Тәрбие жұмысы сынып жетекшілердің ӘБ, педагогикалық-психологиялық семинарлар, тренингтер, пед.консилиумдар, жиналыстар және т.б. іс-шаралар негізінде жүзеге асырылды. Оқушылармен интерактивті кездесулер, дәрістер, акциялар, кездесулер, практикалық сабақтар өткізілді.

2022-2023 оқу жылында жалпы оқушылар саны – 2271.

Сыныптар – 102 комплект. Бұл сыныптарда 97 сынып жетекшісі жұмыс жасайды.

Сынып жетекшілердің ӘБ жетекшілері – Серікбаева А., Махметова М.

Ұсыныстар:

- Тәрбие жоспарына «Қауіпсіздік сағаттарын» қосу ұсынылады.
- Тәрбие жұмысы бойынша өткізілген іс-шаралар бойынша ақпаратты уақтылы әзірлеу;
- Барлық сынып жетекшілерге берілген ұсыныстар негізінде тәрбие жоспарына өзгеріс енгізу.

I. 2022-2023 оқу жылында мектеп-гимназиясында келесі категориялар бойынша оқушылар білім алды:

- ☐ Аз қамтылған отбасылар - 219 оқушы
- ☐ Көп балалы – 602 оқушы
- ☐ Жетім балалар - 4 оқушы

2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік осал топтардың балаларының саны өткен оқу жылымен салыстырғанда аз, салыстырмалы көреткішін төмендегі диаграммадан көруге болады:

II. 2022-2023 оқу жылында №86 мектеп-гимназиясында құқық бұзушылық бойынша есепте тұрған оқушылардың мониторингісі.

2022-2023 оқу жылының №86 мектеп-гимназиясында Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектепшілік бақылау өтті.

2022-2023 оқу жылының I тоқсанында келесі оқушылар құқық бұзушылық бойынша мектепшілік есепке алынды.

№	Аты-жөні	Сынып	Сынып жетекшісі
1	Тайымова Гаухар	8 F	Игембаева С.Ж.
2	Тайымова Алтын	7 Д	Ешназар А.М.
3	Тайымова Махаббат	7 Д	Ешназар А.М.

Сынып сағаттарына, ата-аналар жиналыстарына қатысу арқылы мектеп оқушыларының контингентін зерделеу; оқушылармен, ата-аналармен, педагогтармен әңгімелесу өткізу; оқушылардың күнделіктері мен дәптерлерін зерделеу; сабаққа қатысуды бақылау, сондай-ақ жұмыспен қамтуды зерделеу әр сыныпта қолайсыз жасөспірімдердің бар екенін көрсетеді. Олар бір-бірімен байланысты бірқатар биологиялық, психологиялық, әлеуметтік факторларға ұшыраған балалар, нәтижесінде олар тәртіпті бұзуға, құқық бұзушылыққа, кейде зорлық-зомбылыққа және басқа да әлеуметтік емес мінез-құлыққа бейім. Мектеп оқушыларының әртүрлі топтарымен жұмыс істеу, олардың мінез-құлқын, отбасындағы жағдайларды, ата-ана мен бала қарым-қатынасын бақылау келесі қауіп факторларын анықтады:

- ☐ аз қамтылған отбасылар,
- ☐ отбасы тарапынан балаға жеткіліксіз қамқорлық,
- ☐ мектепте нашар оқу, оған қызығушылық жоқ.

Жоғарыда аталған факторлардың болуы жасөспірім міндетті түрде құқық бұзушылық жасайды немесе қоғамға жат мінез-құлық көрсетеді дегенді білдірмейді. Алайда олардың болуы оның ықтималдығын арттырады. Мұндай факторлар неғұрлым көп болса, соғұрлым тәуекел дәрежесі артады. Көптеген балалар қиын жағдайларға қарсы тұра алады және қылмыстық әрекеттерден аулақ болады. Бұл мәселедегі мектептің міндеті-қарсылықты арттыруға ықпал ету, яғни тәуекел мен стресс факторларының әсерін жеңе білу.

Жоғарыда аталған ерекшеліктерді ескере отырып, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және педагог-психолог балалармен және отбасылармен профилактикалық жұмысқа көп көңіл бөледі.

Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы мектеп жұмысының жоспарына, мектеп-лицей директоры бекіткен тәрбие жұмысының жоспарына, сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспарына, педагог-психолог пен әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарына сәйкес жалпы мектептік және сынып ұжымының алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді ескере отырып жұмыс жүргізеді. Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары сынып жетекшілерімен және әлеуметтік педагог А.Ш.Кайырбековамен бірлесіп құқық бұзушылыққа бейім оқушылардың тізімдерін, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушылардың тізімдерін жасады. Сынып жетекшілері балалардың жеке ерекшеліктерін, олардың бос уақыттарын қамтылуын, отбасылардың әлеуметтік жағдайы мен материалдық-тұрмыстық жағдайларын зерттейді, осы тексерулердің

нәтижелері бойынша сыныптардың әлеуметтік паспорттары жасалды, оқушылармен және отбасылармен жеке профилактикалық жұмыс күнделіктері жүргізілуде.

Олар оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістерін қолданады:

- ☐ профилактикалық қызмет шеңберінде балаларды, ата-аналарды және әріптестерді ақпараттандыру;

- ☐ бос уақытты ұйымдастыру;

- ☐ мектеп пәндерінің бағдарламаларына профилактикалық тақырыптарды қосу;

- ☐ Ювеналды полиция мамандарын, ішкі істер органдарын, Денсаулық сақтау мекемелерін (оқушыларды, педагогтарды, ата-аналарды) ақпараттандыру, балаларға, педагогтарға, ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктері, отбасылық қарым-қатынастары, оқу және оқудан тыс сипаттағы қиындықтар мәселелері бойынша психологиялық кеңес беру үшін шақыру;

- ☐ оқу орнынан тыс дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмыстарды ұйымдастыру;

- ☐ балалар мен жасөспірімдер арасындағы профилактикалық іс шараларға қатысу үшін білім алушылар қатарынан еріктілер топтарын қалыптастыру.

Әкімшілік, сынып жетекшілері педагог-психологпен және әлеуметтік педагогпен бірге ата-аналармен келесі жұмыстарды жүргізеді:

- ☐ бекітілген кестеге сәйкес отбасыларға рейдтер жүргізілуде;

- ☐ педагогикалық назар мен бақылауды қажет ететін отбасылар мен балалардың үйіне бару;

- ☐ тоқсанына кемінде бір рет ата-аналардың сыныптық жиналыстары мен алдын алу Кеңесінің отырыстары өткізіледі.

Бақылау нәтижесінде құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша менеджер журналында құқық бұзушылық бойынша тіркелген оқушылар бақылауға алынды.

Жылдың басындағы және жылдың соңындағы есепте тұрған оқушылардың салыстырмалы көрсеткішін келесі диаграммадан қарауға болады:

Есепте тұрған оқушыларға жеке істері арналып, әр оқушымен жеке жұмыс жоспарлары жасалып, үйірмелермен қамтылды. Диаграммадан көрініп тұрғандай жылдың басында қалалық есепте тұрған оқушылармен жеке жұмыс жүргізіліп, жылдың аяғында есептен шығарылды. Жылдың басында мектепшілікте және қалалық есепте бала болған жоқ. Бірақ жылдың аяғында 3 оқушы мектепшілік есепке алынды. Бұл оқушылар өздері құқық бұған жоқ, ата-анасының салғырттығына байланысты, сабақты ұзақ себепсіз босатты.

Күн сайын оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау жүргізілді, олардың болмауының немесе кешігуінің себептері анықталды, ата-аналармен және сынып жетекшілерімен тығыз байланыс сақталды. Оқушы ұзақ уақыт болмаған жағдайда ББ қызметкерлерімен, әлеуметтік педагогпен және сынып жетекшілерімен бірге олардың жоқтығын анықтау үшін отбасылардың тұрғылықты жеріне барды. Ата-аналармен үлкен профилактикалық жұмыс жүргізілді: әңгімелер, консультациялар, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі педагогтармен және инспекторлармен кездесулер.

Нәтижелі жұмыс үшін құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жөніндегі кеңестің отырыстары өткізіледі, жыл сайын жоспар бойынша айына 1 рет және қажет болған жағдайда, егер мектеп бойынша бұзушылықтар болса немесе себепсіз оқу сабақтарын өткізіп жіберетін, сондай-ақ ББЗ, темекі және алкоголь өнімдерін пайдаланатын оқушылармен отырыстар өткізілді.

26.01.2023 жылы №86 мектеп-гимназиясында «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында Білім басқармасының және Полиция департаменті, Әдістемелік орталығының мамандарының қатысуымен 8-9-10 сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыс өткізілді. Іс-шараның мақсаты: кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың мәселелерінде ата-аналар мен педагогтардың құқықтық және педагогикалық мәдениетін арттыру.

Ұсыныстар:

1. Педагог-психологтар, әлеуметтік педагог, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша менеджер "тәуекел тобындағы" оқушылардың жайлылық ортасын құруға, оқушының жеке басы мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастыққа жәрдемдесу мақсатында жұмысты күшейтсін.
2. Барлық сынып жетекшілері оқушыларда азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу міндеттерін ойдағыдай шешу үшін "қиын" оқушылармен және "тәуекел тобындағы" балалармен жұмысты күшейтсін.
3. Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша сынып жетекшілерінің, әлеуметтік педагог және педагог-психологтың жұмысына бақылауды күшейтсін.

III. № 86 мектеп-гимназиясында үйірме жұмысының мониторингісі.

№	Спорттық секция атауы	Балалар саны Олардың ішінде				Қосымша
	ДЮСШ	Спорттық клубтар	Спорт кешендері			
білім беру орындары		Басқа				
1	Футбол	95	11	38	13	
2	Жүзу 1	1	0	0		
3	Каратэ45		43	2		
4	Дзюдо25	2	21	2		
5	Бокс 27	1	21	5		
6	Баскетбол	-		-	-	
7	Үлкен теннис-			-	-	
8	Волейбол	1	1			
9	Ж/атлетика	0				
10	Хоккей	6			6	
11	Шаңғы	0	0	0	0	
12	Күрес 8	1	5	1		
13	Жекпе-жек	9	2	6	1	
14	Гимнастика	19	3	16	0	
15	Таэквондо	15		13	2	
16	Мәнерлеп сырғанау	0			0	0
17	Коньки тебу	1			1	
18	Адаптивті спорт					
19	Үстел үсті теннис	1			1	
20	Гребли	0	0	0	0	
21	Фехтование					
22	Садақ ету	1			1	
23	Су полюсы					
24	Триатлон					
25	Скалолазание1			1		
26	Гандбол					
27	Атыс					
28	Велоспорт					
Барлығы		255	21	165	34	
мектепшілік тегін үйірмелер мен секциялар:						

мектепшілік тегін үйірмелер мен секциялар:

№	Спорттық секция атауы	саны
1	Шахмат	152
2	Баскетбол	72

3	Волейбол	76	
4	Футбол	51	
6	Футбол (қыздар)	23	
7	Асық ату	18	
8	Бес тас	16	
9	тоғызқұмалақ	12	
	Жалпы саны	443	

№ Үйірме атауы Үйірме жетекшісі

1. Тоғызқұмалақ Омарова Айсулу Карибаевна
2. Баскетбол Ұямдас Аманжол
3. Волейбол (ұлдар мен қыздар) Нұртазин Асылбек Кайрыкенович, Айтмұхамбет Нұрбек Айтмұхамбетұлы
4. Шахмат Мәжит Нұржан Сержанұлы
5. Футбол ұлдар 1-4 сынып
- Футбол ұлдар 5-7 сынып Уатхан Жансерік, Дәуір Асылбек
6. Вокал Әлімбеков Нұрсултан Бауыржанұлы
7. ИЗО Жаманбаев Талғат Маратович
8. Асық ату Мусулимов Серік Боғетбаевич
9. Бес тас Ускенбаева Айнұр Умербековна

Мектепішілік үйірмелердің тиімділігі: 2022-2023 оқу жылында мектепте баскетбол, футбол, бес тас, асық ату, теннис, тоғызқұмалақ, волейболдан қыздар арасында үйірме ашылды. Жыл басынан бастап командалар бірнеше жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Соның ішінде, 2022 жылы 30 қазанда өткен «EVEREST GIRLS FALL CUP 2022» қалалық турнирінде жүлделі ІІІ орынға ие болды. Тоғызқұмалақтан “Samruk Kazyna Trust” корпоративтік қоры мен “Коммуникативтік бастамалар мен стратегиялар қорының ұйымдастыруымен республикалық “SportFEST Kazakhstan” мектеп спартакиадасының аймақтық іріктеу ойындары арасынан тоғызқұмалақ жарысынан ІІ орын алғаны үшін Балташев Бірлік пен шахмат жарысынан ІІ орын алғаны үшін Караман Нұрбол иеленді. 2022 11 қазан күні Астана қаласы әкімдігінің “Өркен” балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен Балалар жылына арналған Мектеп лигасы шеңберінде 7-8 сынып оқушылар арасында тоғызқұмалақтан өткен қалалық жарыста мектебіміздің командасы жүлделі І ОРЫНҒА ие болды. Үйірмелер мен спорт секцияларына қатыса отырып, балалар бос уақыттарын жеке тұлғаны дамыту үшін оң мақсатта пайдаланады. Оларға мектеп спорт залы, би залы, стадион, шахмат алаңы, ұлттық ойын алаңы ұсынылды. Мектепте оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін жақсы жағдайлар жасалған деп айтуға болады. Барлық үйірмелер тегін өткізіледі, бір жылға арналған бағдарламалар мен тақырыптық жоспарлар жасалды. Үйірмелер кестесі бар. Спорт секциялары мен дене шынықтыру сабақтары таза ауада жылы мезгілде ұйымдастырылады немесе спорт залында тұрақты желдету қамтамасыз етіледі. Үйірмелер мен спорт секциялары кестеге сәйкес, оқушылардың өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз етудің барлық нормаларын сақтай отырып жүргізіледі. Үйірме жұмысы балалардың өмірін қызықты етуге және бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға бағытталды, физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасалды. 2022-2023 оқу жылында №86 мектеп-гимназиясында мектепішілік үйірмелерге және секцияларға қатысқан оқушылар саны – 783, мектептен тыс үйірмелерге қатысқан оқушылар саны – 1033 оқушы. 2021-2022 оқу жылындағы оқушылар санымен салыстырмалы көрсеткішті төмендегі диаграммадан көруге болады:

Ұсыныстар: үйірмелердің жұмысын әртараптандыру қажет, бұл барлық іс-шараларға белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Үйірмелер, секциялар жетекшілері жұмысты заманауи нысандар мен әдістерге сәйкес әртараптандырсын, АКТ-ны пайдалансын, ата-

аналар жиналыстарында жарнама жасау, мектепте, қалалық, облыстық, республикалық деңгейлерде өткізілетін іс-шараларға қатысу арқылы мүмкіндігінше көп оқушыларды тартылсын. Құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу үшін есепте тұрған оқушылар келесі оқу жылында үйірмелермен толыққанды қамтамасыз етілсін.

IV. 2022-2023 оқу жылындағы тәрбиелік іс-шаралардың мониторингісі.

№86 мектеп-гимназиясында 08.09.2022-14.09.2022 аралығында «Отбасы күні» аясында оқушыларға, ата-аналарға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. 08 қыркүйекте 8-9 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Отбасы құндылықтары» тақырыбында психологтар практикалық тренинг өткізді. Ата-аналар өздерінің отбасындағы құндылықтармен бөлісіп, «бақытты отбасы» моделін құру бойынша әңгімелесті.

9 қыркүйекте 5-11 сынып оқушылары «Менің сүйікті ата-анам» тақырыбында бейне-роликтер түсірді. Оқушылар өздерінің отбасындағы қызықты сәттер, отбасылық дәстүрлер бойынша қызықты бейне-роликтер жасады. Бейне-роликтер мектептің әлеуметтік желілеріне жарияланды.

12 қыркүйекте 1-4 сынып оқушылары арасында «Менің отбасым» тақырыбында суреттер көрмесі өткізілді. Бастауыш сынып оқушылары өздерінің отбасыларының суреттерін салып, бақытты отбасы бейнелерін көрсетті.

14 қыркүйекте «Менің көңілді отбасым» тақырыбында 1 сынып оқушылары мен ата-аналар арасында отбасылық спорттық сайыс өткізілді. Сайыс кезінде ата-аналар бір-бірімен танысып, балалар ата-аналарымен бірге бірлесіп ұйымшылдық көрсетті. Отбасылар қызықты эстафеталардан өтіп, сайыс қызықты әрі, жоғары деңгейде өтті.

5.09.2022-13.09.2022 аралығында Қазақстан халқы тілдері фестивалі және Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы аясында іс-шаралар жоспарланды.

1-11 сыныптарда 05 қыркүйек күні «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы» атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері мен шығармашылығы туралы талқыланды.

8 қыркүйек күні 8 сыныптар арасында «Тіл – ұлттың жаны» атты интеллектуалды сайысы өтті. Интеллектуалды сайысты Төлеубаева С.Ж. және Акирапбаев Н.Б. өткізді. Сайыс барысында оқушылар қазақтың мақал-мәтелдерін, жұмбақтарын қайталап, қазақтың салт-дәстүрлері бойынша сұрақтарға жауап берді. Қазақ тілінде алған білімдерін көрсетіп, белсенділік танытты.

9 қыркүйек күні 6 “А”, 6 “Ә” сыныптары арасында “Тіл білгірі” атты интеллектуалды ойыны өткізілді. Оқушылар сайысқа белсенді қатысып, білімі мен ой ұшқырлығын көрсете білді. Еліміздің атақты тұлғалары, олардың еңбектерін, қазақ тілі мен әдебиетінен алған білімдерін саралады. 6 «Ә» сыныбының “Бірлік” тобы жеңіске жетті. Пән мұғалімі Жалмағамбетова Б.Қ. интеллектуалды ойынға оқушылардың қызығушылықпен қатысқанын, осы шараның әр тоқсанда жалғасын табатыны туралы айтты.

12 қыркүйек күні 3-сыныптар арасында «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Сайыстың мақсаты оқушылардың тілдік және оқу сауаттылығын дамыта отырып, поэзия туралы түсінік қалыптастыру арқылы, кітапқа, поэзия оқуға деген қызығушылығын арттыру. Өлеңді мәнерлеп оқуға, мемлекеттік тілде ән айтуға баулу. Сайысқа 3 сыныптардан 13 оқушы қатысып, қазақ тілінде ұлы ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқып, өз өнерлерін көрсетті. 13 қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ахметова Ж.Е. “Тіл-тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз” атты мерекелік іс-шара өткізді. Іс-шараның мақсаты - оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу, қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне насихаттау, патриоттық рухты көтеру.

№86 мектеп-гимназиясында 17-22 қазан аралығында Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарланып, өткізілді.

17 қазан күні мектептің 1-11 барлық оқушылары «Патриотизм дауысы» Мемлекеттік Гимнін жаппай орындады. 1-4 сыныптар арасында «Қазақстанның болашағы бала көзімен» атты жас таланттардың шығармашылық көрмесі өтті. Бастауыш сынып оқушылары туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін қалам арқылы бейнелеп, мектептің 1-қабатындағы фойені безендірді.

18 қазан оқушылар арасында «Ұлы даланың жеті қыры» домбырашылар челленджі өткізілді. Мектептегі домбырада ойнайтын оқушылар бір-біріне күй тартып, челлендж жіберіп, Республика күніне орай мерекелік көңіл күй сыйлады.

Мектебіміздің 9-10 сынып оқушылары арасында «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбындағы жалпы республикалық эссе байқауы өткізілді. Оқушылар эссе жаза отырып, Отанымыз Қазақстанның болашағын өз шығармашылықтарымен жеткізе білді.

21 қазан күні 5-7 сыныптар арасында «Ұлттық ойын ойнаймыз» ұлттық ойындар бойынша мектепішілік турнир өткізілді. Мектептің дене шынықтыру мұғалімдері «хантапапай», «арқан тартыс», «бес тас» ойындары бойынша сайыстар өткізілді.

21 қазан 3-4 сынып оқушылары «Қазақстан – біртұтас ортақ келешек» тақырыбында ҚР Ұлттық мұражайына саяхат жасады. Мектебіміздің 3-4 сыныптарынан 240 оқушы мұражайға экскурсияға барып, рухани білім алып, дүниетанымдарын кеңейтті.

№	Іс-шаралар	Оқушылар саны	
1	"Білім - таусылмайтын қазына" - салтанатты жиын	465	
2	"Менің сүйікті ата-анам" бейне-ролик	83	
3	"Менің отбасым" суреттер байқауы	106	
4	"Менің көңілді отбасым" спорттық сайыс	150	
5	"Тіл - ұлттың жаны" интеллектуалды сайыс	24	
6	"Тіл білгірі" интеллектуалды сайыс	15	
7	"Туған тілім - тірлігімнің айғағы" мәнерлеп оқу сайысы	26	
8	"Тіл тірегіміз - соғып тұрған жүрегіміз" мерекелік концерт	150	
9	"Қазақстанның болашағы балалар көзімен" шығармашылық галереясы	52	
10	"Менің арманымдағы Қазақстан" эссе байқауы	45	
11	"Қазақстан - біртұтас ортақ келешек" ҚР мұражайға саяхат	250	
12	"Ұлттық ойын ойнаймыз" мектепішілік турнир	70	
13	"Атамекен" Республикалық диктант байқауы	21	
14	"Алжир" мұражайына экскурсия	50	
15	"Спорт, Денсаулық, Дене шынықтыру - ең үздік мәдениет" акция	280	
16	"Взмывая в небо" викторина	80	
17	"Жасөспірімдер қылмысының алдын алу" дәріс	420	
18	"Шебер колдар" 5-сыныптар арасында сайыс	30	
19	"Тәуелсіз елім-ән жырым!" мерекелік концерт	50	
20	"Алға, Қазақстан" патриоттық әндер сайысы	22	
21	"Тәуелсіздік-тұғырым" бейнероликтер презентациясы	16	
22	"Менің Қазақстаным" флешмоб	20	
23	"Тәуелсіздік нышандары" макеттер сайысы	31	
24	"Терең тарихтан -жарқын болашаққа"	15	
25	"Қар десанты" акциясы	50	
26	"Be genius" интеллектуалды сайыс	12	
27	"Терроризм және экстремизм деген не?" дәріс	80	
28	"Спорт-тайм" қалалық денсаулық алаңы	4453	
29	"Ярмарка профессий" для 11-х классов	170	
30	"Құндылықтарға негізделген білім беру"	2271	
31	"Өзің оқып, өзгеге ұсын" ReadX қалалық семинар	12	
32	Аудан соғысы ардагерлерімен кездесу	85	
33	"Кімге алғыс айтар едіңіз?" бейне-ролик түсіру	15	
34	"Жақсылық жасай білейік" акция	150	
35	"Ұлыстың қадам басқан күні" сурет көрмесі	45	
36	"Жайлау күні" ұлттық ойындардан мектепішілік турнир	85	
37	"Ұлыстың Ұлы күні - әз Наурыз" Наурызды тойлау	1200	
38	"Салт-дәстүрім - таусылмайтын байлығым"	125	
39	"Гүл сыйла-нәзіктік сыйла" экологиялық акциясы	210	
40	"Шахматтан" қалалық челлендж	85	
41	"Қазақстан - бейбітшілік мекені" суреттер байқауы	40	

42	"Жасыл мекен" қалалық эко-челлендж	129
43	"Желбіре жеңіс алауы" - мәнерлеп оқу сайысы	39
44	"Жігіт сұлтаны" сайыс	14
45	"Сарбаздар әні" патриоттық әндер байқауы	150
46	"Жеңіс көктемi" сахналық қойылымдар байқауы	60

2022-2023 оқу жылындағы өткізілген тәрбиелік іс-шараларды және қатысқан оқушылар санын жоғарыдағы кестеден көруге болады.

V. 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылып жатқан жобалар.

VI. 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие бағыты бойынша оқушылар мен мұғалімдердің жетістіктері.

Оқушылар:

Астана қаласы білім мекемелерінің балалары мен жасөспірімдері арасында өткізілген XVI "Shattyq-2023" қалалық байқауында келесі жанрлар бойынша оқушыларымыз жетістікке жетті:

1. ☐  АЛТЫН медаль- Хор, жетекшісі: жетекшісі: Жумашев А.
2. ☐  АЛТЫН медаль хореография кіші топ жетекшісі: Туртаева Р.Т.
3. ☐  Күміс медаль - хореография үлкен топ жетекшісі: Төлеубекова А.А.
4. ☐  Күміс медаль вокал жанры " Эстрадалық ән" жетекшісі Абдрахиев А.
5. ☐ Диплом -3Д- модельдеу "3Д- модельдеу " жетекшісі: Қойшыбекова А.
6. ☐  Қола медаль - вокал "Халық әні" жетекшісі: Ахмедияр Н.Т
7. ☐ Диплом -Аспап жанры "Соло" (домбыра) жетекшісі Кенжеев К.
8. ☒ Сертификат -драма жанры жетекшісі: Мавленбердиев Е.Қ.
9. ☒ Сертификат - аспап жанры "Біртекес домбырашылар" Рахимов Т.
10. "EVEREST GIRLS FALL CUP 2022" волейболдан қалалық турнир - 2 орын
11. Астана қаласы мектептері арасында волейболдан қалалық турнир – 2 орын
12. "ABAI CUP" 5-7 сынып оқушылары арасында волейболдан жазғы турнир – 2 орын
13. Филиалдар арасында футболдан қалалық турнир – 1 орын
14. «Coca cola былғары доп» футболдан турнир - 1 орын
15. Қыздар арасында мини-турнирде – 1 орын
16. Астана қаласы жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында жазушы, ғалым,филология ғылымдарының докторы Акселеу Сланұлы Сейдімбектің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған "Акселеу шығармаларына иллюстрация" атты қалалық сурет байқауынан диплом иеленді.
17. Тәттімбет Қазанғапұлының шығармашылығына арналған қазақ күйлеріне иллюстрация бойынша қалалық көркем сурет байқауына 14-18 жас аралығында қатысып Қайратұлы Бекарыс және 11-13 жас аралығында Сәду Мадидиплом иеленді, жетекшісі Жаманбаев Талғат Маратович
18. Астана қаласының мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасындағы өткізілген әскери тактикалық ""ҚАР БАРЫСЫ-2023" батырлар жарысында мектебіміздің әскери патриоттық клубы диплом
19. . Samruk Kazyna Trust” корпоративтік қоры мен “Коммуникативтік бастамалар мен стратегиялар қорының ұйымдастыруымен республикалық “SportFEST Kazakhstan” мектеп спартакиадасының аймақтық іріктеу ойындары арасынан тоғызқұмалақ жарысынан II

орын алғаны үшін Анварбек Диас, Анварбек Сандуғаш пен шахмат жарысынан II орын алғаны үшін Ақназар Алиа

20. Полиция Департаментінің ұйымдастыруымен бастауыш сыныптар арасында "Жол жүру ережесі" тақырыбында суреттер салу, макеттер жасау конкурсына мектебіміздің бірнеше оқушылары қатысып қала мектептері арасынан I-орынды I"Е" сынып оқушысы Инаятов Алихан, II орын Әлкен Батырхан сынып жетекшісі: Аханова Г.

Мұғалімдер:

1. Астана қаласы әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен өткен Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған "Ақ маңдайлым" қалалық байқауында жоғары деңгейлі шығармашылығымен танылған "Вокалды топтар" номинациясы бойынша Әлімжан Нұрислам II-дәрежелі диплом
2. Волейболдан қалалық спартакиада – белсенділік танытқан үшін жетекшісі: Нұртазин А.К.
3. Білім қызметкерлері Спартакиада аясында өткен волейбол жарысында №86 мектеп-гимназия мұғалімдері I орынға иеленді.
4. Білім қызметкерлері Спартакиада аясында өткен тоғызқұмалақ жарысында №86 мектеп-гимназия мұғалімдері II орынға иеленді.
5. Білім қызметкерлері Спартакиада аясында өткен тоғызқұмалақтан жекелей жарысында №86 мектеп-гимназия мұғалімі Омарова А.К. I орынға иеленді.
6. Қалалық оқушылардың мектеп лигасында «Бес асық» ойынынан II орынға иеленді. Оразбекова Г., Шәмші Назгул, Әлімжан Еңлік
7. Қалалық оқушылардың мектеп лигасында «Тоғызқұмалақ» ойынынан II орынға иеленді.
8. Қалалық әкелер арасында волейбол жарысында әкелер командасы гранпри иегерлері атанды. Жетекшісі: Мусилимов С.Б.
9. Қазақша күрестен қалалық сайыс Жолтай Заманбек Орынбекова Салиха II орын, Турсунбеков Дулат I орын жетекшісі: Мусин М.К.
10. Тайбокстан балалар мен жасөспірімдер арасындағы ашық чемпионат I орын, жетекшісі: Мамбетов А.І.
11. №37 мектеп-лицейінің 30 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған тоғызқұмалақ жарысы Ахназар Әлия
Құдайберген Ерасыл I орын, жетекшісі: Омарова А.К.

VII. Мектепте «Дебат» қозғалысы соңғы үш жылдан бері жақсы жолға қойылды. Биылғы оқу жылының бірінші жартыжылдығында оқушыларымыз «Дебат» қозғалысы бойынша Еуразия университеті заң факультетінің ұйымдастырумен өткен аудандық дебатта I орын;
«Зорлық зомбылықсыз 16 күн» қалалық дебатта I орын;

Әлеуметтік- гуманитарлық пәндер апталығы аясында ұйымдастырған аймақтық дебаттық турнирде I орын иемденді.

VIII. Құндылықтарға негізделген білім беру жобасы

Оқушылардың игілігі үшін 2022 жылдың қыркүйек айының бірі күні, білім күніне орай «Құндылықтар аллеясы» ашылды. Қыркүйек айының аяғында Мұхтар Әуезовтың 125 жылдық мерейтойына орай “ӨЛЕҢІМ - ӨМІРІМ МЕНІҢ” АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ өткізіліп, ақын шығармашылығы қала көлемінде дәріптелді.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, олардың бойында жалпыадами құндылықтарды

тәрбиелеуге, академиялық үлгерімді арттыруға, әлеуметтендіруге, кәсіби бағдарлауға, сыни ойлауды дамытуға, экологиялық мәдениетті, салауатты және қауіпсіз өмір салтының мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы аясында күнделікті 15 минут кітап оқу дағдысы қалыптастырылды. Сондай-ақ ата-аналардың қатысуымен «Көңілді старт», «Кім жүйрік?» «Квест» ойындары және «Бір отбасы, бір кітап» шарасы өтті. Құндылықтарға негізделген білім беру жобасы аясында

Қыркүйек айы-«Тазалық айы»

Қазан айы- «Еңбексүйгіштік айы»

Қараша айы – «Денсаулық»

Желтоқсан айы –«Отансүйгіштік»

Қаңтар айы- «Адалдық айы»

Ақпан айы- «Жомарттық айы »

Наурыз- «Ұлттық құндылық айы»

Сәуір – «Құрмет айы»

Мамыр – «Ынтымақтастық айы» болып бекітілді.

Кәсіптік бағдар жұмысы

Мектепшілік тексеру 9-11 сыныптардың сынып жетекшілерімен оқу жылы ішінде оқушылармен мақсатты кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілетінін көрсетті:

- Мамандықтар туралы, осы мамандықтарды алуға болатын оқу орындары туралы білімді кеңейту;
- мамандық таңдау және кәсіби жолмен алға жылжу кезінде қажетті дағдылар мен іскерліктерді дамыту;
- ақпаратты өз ерекшеліктерімен байланыстыру, яғни "Мен"бейнесін табу.

Тәрбие жұмысының бұл бағыты 9, 11 сыныптарда оқушылармен және ата-аналармен жұмыс арқылы мақсатты түрде жүзеге асырылады. Осылайша, 9-11 сынып оқушылары оқу жылы ішінде қаланың оқу орындарымен танысты. Астана қаласындағы колледждер мен жоғары оқу орындары белгіленген уақытта келіп, 9-11 сыныптарда кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, 9-11 сынып оқушылары жоғары оқу орындарында өткізілетін Ашық есік күндеріне белсенді қатысады. Мысалы, 2022 жылдың 1 желтоқсанында Rixos President Astana қонақ үйінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті ұйымдастырған «Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтетін 11 сынып оқушылары мамандық таңдау және жоғары оқу орнына түсуге бағыт беру мақсатында кәсіптік бағдар беру кездесуіне қатысты.

Сонымен қатар, мектебімізде 2023 жылдың 11 ақпанында мектебімізде бітіруші 11 сынып оқушылары мен ата-аналарына мамандықтар жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеге қаламыздағы ЖОО шақырылып, презентация жасап, оқушылар мен ата-аналармен әңгіме жүргізді. Шақырылған ЖОО және колледждер;

- Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ;
- М.Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ;
- Astana International university;
- «Синергия» университеті;
- Астана Медицина университеті;
- «Тұран-Астана» университеті және т.б.
- Астана колледж
- Әуе күштері колледж
- Тұран-Астана колледж
- Қоғамдық тамақтану және сервис колледж
- Тахникалық колледж
- Медицина колледж
- Экономикалық колледж

Мектеп психологтары 9-11 сынып оқушыларынан «Болашақ мамандықты таңдау туралы» сауалнама алды. Сауалнама көрсеткендей, көптеген оқушылар мамандық таңдау туралы шешім қабылдаған, бірақ кейбір балалар әлі де мамандық таңдамағанын көруге болады.

2022-2023 оқу жылында мектебімізді 105 оқушы 11 сыныпты аяқтайды, оның 12-сі «Үздік аттестат» иегерлері. 208 оқушы 9 сыныпты аяқтап, аттестаттарын алады. 9 сынып оқушыларымен кәсіптік-бағдар жұмысы барысында қаламыздың педагогикалық, медициналық, қоғамдық тамақтану және сервис, басқару, кәсіптік-техникалық, медико-техникалық колледждерімен ынтымақтастық жөнінде келісімге келіп жұмыс атқарылуда. Сауалнама нәтижесі бойынша 208 оқушының 100 оқушысы оқуларын колледждерде жалғастырмақ.

Ұсыныстар:

- білім алушыларды белгілі бір мамандықтар туралы, белгілі бір кәсіптің мамандарын дайындайтын оқу орындары туралы хабардар етуді жалғастыру;
- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін зерттеу және анықтау бойынша жұмыс жүргізу.

IX. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар:

1. Сынып жетекші мен ата-аналардың сұранысы бойынша балаларға арналған жеке кеңестер
2. Ата-аналар жиналысы барысында «Буллинг, кибербуллингтің алдын алу және интернет кеңістігіндегі қарым-қатынас ережелері» 5-8 сынып, «Жасөспірімдік кезеңнің жас ерекшеліктері» (7-8 сынып), «Девиантты мінез-құлықтың алдын алу» (6-7 сынып), «Емтихандарға баланы дайындау» (9-11 сынып) тақырыптарында жүргізілді.

X. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиені ұйымдастыруды бақылау бойынша мектепішілік бақылау

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша оқушыларды тәрбиелеудегі пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің жұмысын талдау

2022 жылдың 01.12-30.12.2022 жылы №86 мектеп-гимназиясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиені ұйымдастыру бойынша мектепішілік бақылау өтті.

Тексеру мектептің жұмыс жоспарына және мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Бақылау барысында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар (2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы "тарих", "құқық негіздері" пәндері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру элементтерінің болуы), тәрбие жұмысының жоспарлары (жоспарланған сынып сағаттарының саны, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы іс-шаралар) тексерілді, мұғалімдермен әңгімелесу өткізілді.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленді, осы жоспарды іске асыру бойынша жұмыс тобы құрылды. Білім беру процесіне қатысушылар, ата-аналар мектеп сайты арқылы мектептегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың іске асырылу барысы туралы хабардар етіледі. Мектепте МҚА қатысушыларын, олардың ата-аналарын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу рәсімі туралы хабардар ету жүзеге асырылады. Рекреацияда "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет" стенді жаңартылды, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы материалдар бар. 2023 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында мектепте "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы!" - 11-сынып, 9,11-сыныптардағы сынып сағаты, 9-11-сыныптардағы ата-аналар жиналысы "Сыбайлас жемқорлыққа қатты айтайық" жоқ!" - 6-сынып, "бала кезінен Сыбайлас жемқорлықсыз" - 5-сынып. Тексеру көрсеткендей, екінші жартыжылдықта Тарих, Құқық негіздері пәндері бойынша КТЖ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру, оқушылардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру міндеттерін шешуге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру элементтері бар.

Қорытынды және ұсыныстар:

1. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде, білім беру процесіне қатысушыларды және осы бағыт бойынша ата-аналар жұртшылығын хабардар ету жүзеге асырылады.

2. Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және тәрбиелеу мақсатында жұмысты жалғастырсын.
3. Әкімшілік жұмыстың осы басым бағыты бойынша бақылауды жүзеге асыруды жалғастырсын.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға қатысуға әлеуметтік әріптестерді тарту.

Қорытынды.

Тәрбие жұмысын қорытындылай келе, жалпы педагогикалық ұжым қойылған міндеттерді орындағанын атап өткен жөн. Мектеп мұғалімдері балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесін шебер басқарды. Барлық тәрбие іс-шараларының үйлестірілуі, олардың педагогикалық орындылығы, қажеттілігі мен жеткіліктілігі, жоспарлар мен іс-әрекеттердің келісімділігі мектептің тәрбие процесінде оң нәтиже берді, бұған қол жеткізудің әртүрлі деңгейлері дәлел бола алады.

Келесі 2023-2024 оқу жылына міндеттер:

- оқушыларды кәсіби даярлау және жеке құзыреттіліктің қажетті жүйесін қалыптастыру мақсатында жобалау қызметін жүзеге асыру;
- отансүйгіштік, толеранттылық сезімін тәрбиелеу, Отанды қорғауға дайын болу және азаматтық ұстанымды қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- құқықтық сауаттылықты, адамгершілік және экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;
- өлкетану жұмысын жандандыру және жүйелеу, жалпыұлттық храмдарды зерттеу;
- оқушылардың мінез-құлқын, үлгерімін, психологиялық жағдайын бақылауды жүзеге асыру;
- салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың деструктивті мінез-құлқының алдын алу және уақтылы түзету;
- отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған ата-аналармен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру;
- ата-аналар мен балалар арасындағы, отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту;
- «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» ұйымдарын құру.
- Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Мектеп медиациясының» жұмысын жандандыру;
- «Эко-мектеп» жобасын іске асыру;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- «Алтын домбыра» жобасының аясында домбырадан үйірме жұмысын ашу.

8) материалдық-техникалық базаның нығайтын бақылауға жауаптылық танытады.

Білім беру ұйымын материалдық-техникалық қамтамасыз ету негізгі білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады, ол мемлекеттік орта білім берудің негізгі компоненті болып табылатын мемлекеттік білім беру стандарттары, мемлекеттік білім беру ұйымдары, мемлекеттік білім беру ұйымдары белгілеген мақсаттарды ескере отырып, оқытудың заманауи пәндік – білім беру ортасын жасайды.

Мектеп ғимараты және оның материалдық-техникалық базасының жай – күйі санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен СанПин нормаларына сәйкес келеді.

Пәндік салалар бойынша (физика, химия, биология) оқытудың дәстүрлі құралдарында әртүрлі көрнекілік құралдары, сондай-ақ зертханалық және көрнекілік жабдықтар, табиғи зерттеулер жүргізуге арналған аспаптар мен құралдар және т. б. бар.

Жабдықталған оқу кабинеттерін (биология 412 кабинет, физика 312 кабинет) кітапхана, спорт зал, оқыту және тәрбиелеу құралдарын 1-11-сынып оқушылары, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар пайдаланады.

Практикалық сабақтар өткізуге арналған кабинеттер:

Мектептегі практикалық сабақтар, сабақтан тыс демалыс қызметі және қосымша білім беру жүйесінің қызметі жабдықталған оқу кабинеттерінде ұйымдастырылған: информатика «STEM» кабинеті, физика кабинеті, биология кабинеті, химия кабинеті, спорт залында, мектеп стадионында, акт залында, «М.Әуезов» кабинеті мектептің барлық материалдық-техникалық базасын пайдалана отырып қолданады.

Кітапхана

Мектепте кітапхана + оқу залы бар

Мектеп кітапханасын материалдық-техникалық жарактандыру оқушылар мен педагогтердің оқу және көркем әдебиетке, электронды жеткізгіштердегі медиа ресурстар жинағына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Жыл сайын облыстық бюджет қаражаты есебінен білім беру мекемесі оқушылардың білім беру бағдарламаларын игеруі үшін оқулықтар сатып алады, мектепте «Ашық аспан аясында кітап оқу» жобасы іске асқан. Мектеп оқушылары көмегімен 500 жуық көркем әдебиет туындылары жиналып, мектеп кітапханасына сыйға тартылды.

Мектеп кітапханасы тек оқу әдебиеттерімен ғана емес, сонымен қатар қосымша әдебиеттермен: отандық және шетелдік, классикалық және заманауи; ғылыми-танымал және ғылыми - техникалық; бейнелеу өнері, музыка, дене шынықтыру және спорт, экология, жолдардағы қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері бойынша басылымдармен; анықтамалық-библиографиялық және мерзімді басылымдармен, сөздіктер жинағымен; оқушылардың әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауы т.б. қормен қамтылған.

Кітапханаға 1-11 сынып оқушылары, сондай - ақ мүмкіндігі шектеулі оқушылар кіре алады. Кітапханада «Ашық есік» күндері де ұйымдастырылған, оған мектеп ата-аналары да қатыса алады.

Спорт нысандары

Мектепте спортпен шұғылдану үшін оңтайлы жағдайлар жасалады, спорт залы дене шынықтыру бойынша оқу бағдарламасының барлық бөлімдері бойынша қажетті жабдықтармен және мүкәммалмен, оның ішінде дене шынықтыру-спорт бағытындағы балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін толықтай жабдықталмағанмен, мектеп ауласында Стадион аумағында кедергілер жолағымен жабдықталған. Мектепте екі спорт залы үлкен және кіші спорт залы бар. Сабақтар спорт залында өткізіледі. Зал дәретханалармен және душ бөлмелерімен, төрт киім ауыстыратын бөлмемен жабдықталған.

"Баскетбол", "Волейбол", "Үстел теннисі", "жеңіл атлетика", "Гимнастика" тақырыптары бойынша сабақтар өткізуге арналған спорттық мүкәммал толық көлемде бар.

Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу үшін мектепте үстел ойындарының жиынтығы жеткіліксіз (дойбы, шахмат, шахмат сағаттары), сондай-ақ дартс. Мектепте спорттық ойындар бойынша аудандық және облыстық жарыстарға мектеп мұғалімдер командасының қатысуына арналған спорттық формалар жиынтығы бар.

Оқыту және тәрбиелеу құралдары

Оқушыларды, оның ішінде мүгедек балаларды және ерекше балаларды оқыту және тәрбиелеу құралдары.

Оқыту құралдары - бұл оқыту процесінде мұғалім мен білім алушылар, оның ішінде мүгедектер мен мүгедектер пайдаланатын әртүрлі объектілер: баспа, аудиовизуалды, демонстрациялық, электрондық білім беру ресурстары, оқу құралдары, спорттық жабдықтар және басқалар. Өкінішке орай, мектепте ерекше білім беруді қажет ететін (инклюзияны қолдау) кабинеті әзірге жоқ, жақын жылдарға жоспарда бар.

Тәрбие құралдары - бұл белгілі бір тәрбиелік міндеттерді шешу үшін тәрбие қызметінде қолданылатын тәрбие әдістерінің жиынтығы: көркем әдебиет, ғылыми-көпшілік басылымдар, теледидар, театр, журналдар, ойындар, спорт және басқалар. Жекелеген тәрбие құралдары мүгедектер мен ерекше балалар үшін қолданылады.

Мекемедегі білім алушылардың тамақтану шарттары

Асхана, ас блогы (көкөністерді өңдеуге арналған цех, камырмен жұмыс істеуге арналған цех, пісіру цехы, дайын өнім цехы, жылыту, ыдыс жууға арналған цех, қойма, көкөніс қоймасы, киім ауыстыратын бөлме) бар.

Ақпараттық жүйелер мен ақпараттық-телекоммуникациялық желілерге қол жеткізу

Мекемеде Интернет желісіне, жергілікті-есептеу желісіне (информатика кабинеті, пәндік кабинеттер) қолжетімділік бар. Мектепте 4 информатика кабинеті бар.

Мекеме келесі ақпараттық жүйелерді қолданады:

- ақпараттық-мазмұндық жүйелер;
- автоматтандырылған басқару жүйелері;
- тестілеу жүйелері.
- СТЕМ лабораториясы

2022/23 оқу жылындағы мектепшілік бақылау қорытындылары

Қорыта келе, мектепшілік бақылау жоспары бойынша оқушыларға тәрбие мен тәлім беруде өткізілетін іс-шаралар және жоспарлы жұмыстар сапасы бірінші кезекте тұрады. Оқу-тәрбие үдерісін бақылау жүйесі мұғалімнің, оқушылардың, ата-аналардың және білім беру ұйымы әкімшілігінің жұмысын бағалау мен өзін-өзі бағалаусыз жүргізілмейді. Бақылау нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша мектепшілік бұйрықтар шығарылып, орындалуы директор жанындағы кеңестерде және жалпы педагогикалық кеңестерде қаралады.

Мектепшілік бақылау жоспары бойынша оқушыларға сапалы білім мен тәрбие беру. Бақылау нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша мектепшілік бұйрықтар шығарылып, орындалуы директор жанындағы кеңестерде және жалпы педагогикалық кеңестерде қаралады. Мектепшілік бақылау шеңберінде жоспарланған жалпы білім беру деңгейлері бойынша оқу стандарттарын іске асырылуын бақылау жөніндегі іс-шаралар іске асырылды.

Жергілікті нормативтік актілерге сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау жүзеге асырылды. Білім беру қатынастарының негізгі қатысушыларының сұраныстарын ескере отырып, білім беру қызметі шарттарының сақталуын бақылау 2022/23 оқу жылына арналған жоспарға сәйкес барлық іс-шаралар іске асырылды. Педагогтердің білім беру қызметін жетілдіру бойынша әдістемелік жұмысын бақылау 100 пайызға орындалды. Педагогикалық кеңес, ДЖО және басқа да кеңестердің барлық отырыстары мектептің жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді.

2023/24 оқу жылына мектепшілік бақылауды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

1. Құзыреттілік тәсілдер негізінде мектепте әдістемелік жұмыстарға мектепшілік бақылау құру.
2. Мұғалімдердің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, сабаққа қатысуды жоспарлау.
3. 2023/24 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспарына 9-шы және 11-ші сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындық сапасын бақылау жөніндегі іс-шаралар енгізу.
4. Мектепшілік бақылау жоспарына барлық көрсетілген 8 бағытты толығымен қамту.
5. Құндылыққа бағытталған білім беруді мектепшілік бақылау жоспарына қосу.
6. Оқыту үдерісіне Лессон Стадиді енгізу, сол бойынша бірлесіп жоспарлауды үйрету жұмысын ұйымдастыру.
7. «Күнделік» электронды журналын уақытылы толтыру, күнделікті оқушыларды бағалау.
8. Білім беру қатынастарының негізгі қатысушыларының сұраныстарын ескере отырып, білім беру қызметі үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.
9. Сабаққа қатысу мәселелерін тұрақты бақылауда қалдыру, сынып жетекшілеріне дәлелді себептерсіз және кешігусіз сабақты өткізіп жіберуге бейім білім алушылар анықталған жағдайда жедел әрекет ету.
10. 7 д мен 8 ғ сынып оқушылары Таимовтарды қатаң бақылауға алу;

11. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс тиімділігін күшейту үшін пән мұғалімдеріне:

- ✓ оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін, әр сабақта оқушылардың базалық білімді меңгеру деңгейін бақылаудың тиімді формаларын қолдана отырып, үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты күшейту.
- ✓ сабақтан тыс уақытта үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмысты жоспарлау және жүйелі түрде жүргізу, әр оқушының біліміндегі олқылықтардың есебін қатаң жүргізу;

12. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру жоспарларының ең үздіктерін жинақ ретінде шығару;

13. Қосымша сабақтардың арнайы мультимедиялық жазылымдарын дайындау.

2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША SWOT – ТАЛДАУ

S Күшті жақтары	W Әлсіз жақтары
1. Білім сапасының артуы 2. Мұғалім деңгейінің кәсіби өсуін жалғастыру. 3. Пәндік олимпиадалар нәтижесінің 20 % өсуі. 4. Сайыстар мен байқауларға белсенді қатысуы 5. Цифрлық сауаттылық 6. Контингенттің сақталуы	1. Мұғалім сағат жүктемесінің көптігі 2. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы төмен-80%. 3. Мектептің материалдық-техникалық базасын ұтымды қолдана алмау 4. Білім алушылар арасында АКТ толық меңгермеу 5. Сынып жетекшілері тарапынан оқушылардың үлгерімі мен білім сапасын бақылау деңгейінің төмендігі
O Мүмкіндіктер	T Қауіп –қатер
1. Мұғалімдердің кәсіби өсуіне жағдай жасау. 2. Тиімді онлайн әдіс-тәсілдерді, электронды кітаптарды пайдалана отырып, сапалы білім беру. 3. Порталда орналасқан жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға жағдай жасау. 4. Олимпиада, ғылыми жоба жеңімпаздары санын көбейту 5. Зерттеуге қолайлы орта құру	1. Мигранттардың көп болуы және олардың тілді меңгермеуі. 2. Оқушылардың отбасы мәселелері (жалғыз басты ата-аналар, сабақ оқитын жердің болмауы. Ата-аналардың балаларына көңіл бөлмеуі)